

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ**

2022 жылғы 14 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар, 87 депутат қатысып отыр. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, алғашқы екі мәселе бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан аталған заң жобалары бойынша ортақ баяндама жасап, олар бойынша қаулыларды жеке-жеке қабылдауды ұсынамын.

Олай болса «Әскери полиция органдары туралы» негізгі және оған ілеспе заң жобалары бойынша. Бірінші оқылым.

Сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Камалетдинов Сұлтан Бүркітбайұлына беріледі.

КАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздерге «Әскери полиция органы туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Заң жобасы жаңа редакцияда қабылданады. Бұл ретте оның құрылымы өзгертіліп, бірқатар редакциялық түзету енгізіледі, кемшіліктер мен коллизия жойылады.

Заң жобасында әскери полицияның міндеті, құзыреті, құрылымы, өкілеттігі, өзара іс-қимыл жасауы өзгертіліп, функциясын заңмен бекіту көзделеді.

Әскери полиция органының әлеуетті ведомствоға қатыстылығы, бағыну тәртібі, олардың өзара және басқа да мемлекеттік органмен іс-қимыл жасау тәртібі реттеледі.

Бірдей қолданып түсіну үшін «қызметкер» ұғымы «әскери қызметші» ұғымымен ауыстырылады.

Әскери полиция органының саяси партиядан дербес болу принципі енгізіледі.

Қаруды, арнайы құралды, адам күшін қолдану регламенттеледі.

Сонымен қатар «Кейбір заңнамалық актіге әскери полиция органы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Бұл жобада осы нормативтік актілерді «Әскери полиция органы туралы» негізгі Заңға сәйкес келтіру көзделеді.

Атап айтқанда:

Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекске;

«Әскери қызмет туралы»;

«Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы»;

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы»;

«Адамдарды арнаулы мекемеде, үй-жайда ұстау тәртібі туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасында Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекске редакциялық өзгеріс енгізіліп, төтенше жағдай әскери қызметшісінің тергеуде болуы туралы нормамен толықтырылады.

Сонымен қатар «Әскери қызмет туралы» Заңға редакциялық өзгерістер енгізіледі.

«Адамдарды арнаулы мекемеде, үй-жайда ұстау тәртібі туралы» Заңда гауптвахтаның құқықтық жағдайы бекітіледі.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңда әскери полиция органына қатысты коллизия жойылады.

«Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы» Заңда:

біріншіден, әскери полиция органына қатысты Қарулы Күштердің жалпы құрылымын сәйкес келтіру;

екіншіден, Қарулы Күштер құрамына Арнайы операция күштерін енгізу;

үшіншіден, Президентке Әскери жоспарлау жүйесін бекіту, ал Қорғаныс министрлігіне оны әзірлеу өкілеттігін беру бойынша толықтыру көзделеді.

Жобаны іске асыру қосымша қаржы шығынын қажет етпейді, теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкелмейді.

Қолдауыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлы.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің және прокуратураның өкілдеріне.

Қазіргі кезде елімізде үш бөлек әскери полиция органы жұмыс істейді, яғни уақытта Қарулы Күштер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Ұлттық ұлан жанында осындай органдар әскерлер мен қызметкерлерді құқықтық қорғау жұмысын атқарады.

Бүгін қаралып отырған заң жобасында да дәл осындай тәртіп көзделген. Өздерің білетіндей, бұндай ведомствоға бағыныстылық көптеген жағымсыз салдарды тудырады. Мысалы, субъективті көзқарастың басымдығы – мүдделер қайшылығы. Ал егер әрбір ведомствода әскери қызметтің дара басшылығының қағидаты қолданылатынын ескерсек, онда әскери полиция органдары қызметінің объективті болатыны күмән тудырады.

Сондықтан Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда құқық қорғау функцияларын дербес жүзеге асыратын әскери полициясының бірыңғай органы Ішкі істер министрлігі жанынан құрылғаны дұрыс болмай ма.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл орган құқықтық қорғаумен қатар қорғанысты қамтамасыз етеді. Әскери полиция өз күшімен қылмысты төмендетуге қол жеткізіп отыр. Бес жылдың ішінде қылмыс 40 пайызға төмендеген. Ішкі істер министрлігінде Әскери тергеу департаменті құрылған, ол да тергеу жүргізеді. Бұл жерде ешқандай мүдде қайшылығы жоқ. Оларды біріктірудің қажеті жоқ деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Прокуратурадан кім жауап береді?

ӨМІРӨЛИЕВ Ж.Ж. Ерлан Жақанұлы, рұқсат болса, мен жауап берейін.

Баяндамашы айтып өткендей, әскери полиция органдарының құқық қорғау функциясынан бөлек профилактика, сондай-ақ өзінің әскери объектілерін күзету функциялары кіреді. Әскери полиция органдарының, ішкі істер органдарының, шекара қызметі органдарының, «Ұлттық ұланның» мақсаттары мен міндеттері әртүрлі. Мысалы, Қарулы Күштер сыртқы қорғаныс мәселесін жүзеге асырса, «Ұлттық ұлан» мен полиция органдары ішкі тәртіпті сақтауға бағытталған, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, өздеріңіз білетіндей, шекарадағы заңдылықтың және тәртіптің сақталуына бағытталған. Сондықтан профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыру үшін әр ведомствоның өз әскери полициясы болуы тиіс деп ойлаймын.

Мен баяндамашының қорытындысымен толық келісемін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Дементьева Наталья Григорьевна.

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемый Султан Буркутбаевич! Несмотря на принимаемые меры, в воинской среде по-прежнему не изжиты факты насилия, унижения чести и достоинства военнослужащих, нередко приводящие к небоевым потерям. Данный факт вызывает серьезную озабоченность в обществе. Следует признать, что по этой причине многие родители, опасаясь за жизнь и безопасность своих сыновей, боятся отправлять их в армию.

Отдельные военные начальники считают происходящее издержками мужского коллектива. Сложившаяся ситуация является следствием неэффективной работы по профилактике правонарушений среди военнослужащих и низкой скоординированности действий между органами военной полиции и командованиями воинских частей.

Считаю, что военная полиция, являясь органом правопорядка, должна сосредоточиться на профилактике правонарушений. Более того, предлагаю возложить на военную полицию координацию данной деятельности и ответственность за упущения в

этом направлении. Вот тогда можно будет ожидать каких-либо положительных результатов.

Как Вы смотрите на данное предложение?

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Спасибо за вопрос.

Действительно, в данном законопроекте уже предусмотрено, что одной из функций органов военной полиции является профилактика, причем она прописана не только в самом законе, но и в сопутствующем законе о профилактике. Я уже приводил цифры, что благодаря профилактической работе в войсках (по крайней мере в частях, подчиненных Министерству обороны) количество правонарушений и грубых дисциплинарных проступков снизилось более чем на 20 процентов.

Поэтому полностью поддерживаю профилактику и координацию. В гарнизонах, кроме органов военной полиции, в основном надзор осуществляется сотрудниками Главной военной прокуратуры. Данная профилактическая работа проводится во взаимодействии с ними.

ТӨРАҒА. Депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызы.

НҰРЫМОВА Г.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован докладчику, а также представителям Комитета национальной безопасности и Министерства внутренних дел.

Я поддерживаю данный законопроект и призываю своих коллег также поддержать его.

Органы военной полиции наделяются полномочиями требовать от всех военнослужащих неукоснительного соблюдения законов и общевоинских уставов. И логично, что военнослужащие органов военной полиции сами обязаны быть примером безупречной дисциплины, высокой сознательности и являться отличниками боевой подготовки. Однако, как видно из рассматриваемого законопроекта, поступление на воинскую службу в органы военной полиции осуществляется в общем порядке.

Не считаете ли Вы необходимым на законодательном уровне предусмотреть особый порядок отбора в ряды военной полиции? Спасибо.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Спасибо за вопрос.

Действительно, для силовых структур органы военной полиции играют значимую роль в поддержании боевой готовности, воинской дисциплины и правопорядка в гарнизонах. Отбор данных военнослужащих осуществляется, как правило, из проходящих воинскую службу, наиболее дисциплинированных и подготовленных военнослужащих, а также из гражданских лиц, которые соответствуют требованиям здоровья, психологическим и другим требованиям.

Кроме того, дополнительно определенные должностные лица органов военной полиции проходят специальную проверку. Прежде чем допускать их к самостоятельной работе в органах военной полиции, проводится обучение данных категорий лиц в центрах подготовки военнослужащих органов военной полиции.

Я приведу некоторые цифры: порядка 30 процентов при прохождении обучения в центрах отсеивается по моральным, деловым и другим качествам.

ТӨРАҒА. Депутат Дүйсембинов Берік Сәлімжанұлы.

ДҮЙСЕНБИНОВ Б.С. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Бас прокуратура өкіліне.

Қарастырылып отырған заң жобасында заңдарда көзделген жағдайларда әскери полиция органдары қызметшілерінің қару қолдану құқығы көзделіп отыр. Баршаңызға белгілі, бұл сұрақ өте өзекті. Бірақ «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Арнаулы мемлекеттік органдар туралы» заңдарда қаруды қолдану жағдайлары әртүрлі. Бұл мәселе бойынша Президент бірыңғай тәртіп орнату туралы тапсырма берген болатын.

Осы мәселе бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың барысы туралы мәлімет берсеңіз.

Сонымен қатар күш құрылымдары қызметкерлеріне билігін асыра пайдаланып қару қолданғаны немесе оны негізсіз қолданғаны үшін жауаптылықты күшейту қажет деп санаймын. Біздің осы ұсынысымызға қалай қарайсыз? Осыған жауап берсеңіз. Рақмет.

ӨМІРӨЛИЕВ Ж.Ж. Сұрақтарыңызға рақмет. Өзекті сұрақтар.

Бұл мәселені біз де саралаған болатынбыз. Мемлекет басшысының тапсырмасы бар, дегенмен ол тапсырма күш қолдану мен арнайы құралдарға қатысты. Біздің алдымызға заңды жетілдіру мәселесі қойылған, біз ол жұмысты жасап жатырмыз.

Қару қолдану жөнінде. Ол басқа мәселеге жатады. Бұл заң жобаларында бірыңғай тәртібі көрсетілген. Атап айтсақ, осы үш заңда да қару қандай кезде қолданылатыны, яғни адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру кезінде (бұл барлық органдарға тиесілі), әскерлерге шабуыл жасау кезінде (ол үшеуінде де көрсетілген), объектілерді күзету кезінде немесе олардың қаруын тартып алу қаупі туындаған кезде деп көрсетілген. Және барлық органдарда ол бірыңғай.

Қаруды қандай уақытта қолданбайтыны көрсетілген, мысалы, әйел азаматтарына, мүгедек азаматтарға және жасөспірімдерге, бұл категориядағы азаматтардың өздері қолдарына қару алып әскерлерге шабуыл жасау жағдайларын қоспаған кезде. Бұның барлығы үш заңда көрсетілген.

Ерекшеліктеріне келсек, ол әр органның спецификасына байланысты, мысалы, «Ұлттық ұлан» түзеу мекемелерін қорғауды жүзеге асырады, ол жерде сотталушылар заңды бұзса, қару қолданатыны көрсетілген, яғни бұл олардың жұмыс спецификасы.

Ұлттық қауіпсіздік органдары үшін де көрсетілген, мысалы, қорғалатын адамдардың өміріне қауіп төнген кезде қару қолданады.

Жұмыс спецификасына байланысты өзгешеліктер бар. Бірақ 70 пайыз бірдей болады.

Көтеріп отырған мәселеңіз өте орынды, біз де оны сараладық. Заңда осындай талаптар көрсетілген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Тайжанов Ерлік Серікбайұлы.

ТАЙЖАНОВ Е.С. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю органов прокуратуры.

Как известно, обеспечением правопорядка в Вооруженных Силах, других войсках и воинских формированиях занимаются органы военной полиции. При этом они взаимодействуют с военно-следственными подразделениями и военной контрразведкой. Надзор осуществляется военной прокуратурой. Как показывает практика, в отдельных случаях подобное взаимодействие отрицательно влияет на вопрос укрепления правопорядка в Вооруженных Силах, войсках и часто подводит к отвлечению командиров от выполнения прямых обязанностей.

На данное обстоятельство при встрече с военнослужащими в октябре 2020 года обратил внимание Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев, подчеркнув, что беспричинно отрывать командиров от службы не позволено и указанная проблема должна быть рассмотрена в рамках реформы правоохранительной системы.

В этой связи первый вопрос к докладчику: как реализованы данные поручения?

Второй вопрос к представителю прокуратуры: на Ваш взгляд, есть ли необходимость внесения соответствующих поправок в рамках рассматриваемых законопроектов? Спасибо.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Спасибо за вопрос.

Действительно, до 2020 года воинские части Вооруженных Сил проверялись не только теми органами, которые Вы перечислили, но и рядом других. Это и Счетный комитет, и экология, и так далее. Создавались некоторые сложности в выполнении функциональных обязанностей командованием воинских частей.

После отданных указаний Главой государства – Верховным Главнокомандующим благодаря совместной работе с Главной военной прокуратурой в разы снизилось количество проверок воинских частей различными государственными органами.

Я должен отметить, что это облегчило деятельность командиров воинских частей и они выполняют свои функциональные обязанности, прописанные общевойсковыми уставами.

Насчет внесения изменений, я думаю, представитель прокуратуры дополнит мой ответ. Я хотел бы сказать, что в настоящий момент пока не вижу необходимости все это закреплять законодательно. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Прокуратураның алып-қосары бар ма?

ӨМІРӘЛИЕВ Ж.Ж. Я полностью поддерживаю докладчика. На самом деле количество проверок, проводимых органами прокуратуры, снизилось в три раза. Каким образом? Мы фактически отказались сегодня от проверок, ввели новый алгоритм – анализ, то есть без посещения конкретных субъектов проверок.

Что касается других правоохранительных органов, то они занимаются не проверками, а фактически расследуют уголовные дела. 90 процентов всех дел расследуют органы военной полиции. Эти дела касаются получения различных травм военнослужащими. Здесь, наоборот, необходимо давать правовую оценку по каждому факту получения различных телесных повреждений.

Что касается проводимых проверок органами военной полиции, на самом деле уважаемый депутат прав, было очень большое количество проверок. Только при Министерстве обороны органами военной полиции проводилось свыше 4,5 тысячи проверок.

Мы совместно рассмотрели эти вопросы на координационном совете и выработали соответствующее решение, чтобы снизить число проверок (и они снижаются), а также проводить их только по результатам регистрации в органах прокуратуры.

Думаю, данные меры позволят нам в полном объеме снизить давление, оказываемое проверками на местах на военнослужащих. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Саиров Ерлан Бияхметұлы.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым бұл заң жобасынан тыс, дегенмен қазір кездегі өте маңызды мәселе. Қасіретті қаңтар кезінде Талдықорған, Жамбыл, Қызылорда облыстарында құқық қорғау басқармасының басшылары өзінің қызметтік орындарын тастап кетті. Осы басшыларға қатысты қандай шара қолданылды және ол шаралар жөнінде біздің қоғам қашан білетін болады? Рақмет.

ӨМІРӨЛИЕВ Ж.Ж. Өздеріңіз білесіздер, қаңтар оқиғасына байланысты әрдайым тиісті ақпаратты жолдап отырмыз және ол ақпаратта қанша қылмыстық іс қозғалғаны, қанша қылмыстық істің сотқа жолданғаны, кімнің жауапкершілікке тартылғаны толық көрсетіледі. Нақты ақпарат қажет болса, оны сіздерге ұсынамыз.

Сіз қаңтар оқиғасы кезінде құқық қорғау органдары басшыларының өз орындарын тастап кеткені жөнінде айттыңыз. Жалпы, осы жылдың шілде айында заңға тиісті өзгерістер енгізілді, яғни адам өміріне қауіп төнген кезде, оның мүлкіне шабуыл жасалған кезде құқық қорғау органдары басшыларының құрылымдарды тастап кетуіне, өкілеттіктерін дұрыс пайдаланбауына байланысты Қылмыстық кодекске жаңа бап енгізілді, яғни ондай басшыларға енді қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұрын да ондай жауапкершілік Қылмыстық кодексте болған, енді ол үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру Қылмыстық кодексте нақты баппен көрсетілді.

Қаңтар оқиғасы бойынша толық ақпарат берілген. Қажет болса, ол бойынша тағы ақпарат береміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Сұлтан Бүркітбайұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Авершин Константин Викторовичқа беріледі.

АВЕРШИН К.В. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Органы военной полиции осуществляют свою деятельность в нашей стране уже более четверти века. Их роль заключается в проведении целого комплекса мероприятий, направленных на укрепление правопорядка в армии, выполнение правоохранительных функций, под которыми понимаются не только поддержание дисциплины в гарнизонах и на военных объектах, расследование воинских преступлений, регулирование дорожного движения, но и оказание помощи командирам в обеспечении дисциплины.

В 2005 году был принят специальный закон, регулирующий их деятельность. За этот период в значительной степени пересмотрены параметры дальнейшего строительства Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований, произошли изменения в их организационно-штатной структуре, расширились задачи, выполняемые органами военной полиции. В этой связи возникла необходимость разработки закона в новой редакции.

Рассматриваемый законопроект предусматривает:

расширение полномочий органов военной полиции в связи с динамично изменяющейся обстановкой в мире, спектром новых вызовов и угроз целостности государства, внутренних и внешних факторов, влияющих на безопасность Республики Казахстан;

устранение противоречий в содержании правовых норм, исключение устаревших и выявление предпосылок к созданию новых норм права, соответствующих назревшим потребностям общественного развития;

построение целостной системы законодательного обеспечения, унификацию законодательных основ деятельности военной полиции, позволяющую согласованно выполнять поставленные задачи, и другое.

В реализацию основного законопроекта разработан сопутствующий законопроект, которым вносятся изменения в некоторые законодательные акты, предусматривающие исключение слова «сотрудник» при упоминании органов военной полиции ввиду того, что данные органы комплектуются исключительно военнослужащими.

Также в Закон «Об обороне и Вооруженных Силах Республики Казахстан» вносятся дополнения о наделении Президента Республики Казахстан и Министерства обороны Республики Казахстан полномочиями по утверждению и, соответственно, разработке системы военного планирования, которая призвана упорядочить документы, разработанные (разрабатываемые) в целях обеспечения военной безопасности и определяющие политику в сфере обороны.

Всеми комитетами Мажилиса Парламента по рассматриваемым законопроектам представлены положительные заключения.

На основании изложенного предлагаю внести проекты законов «Об органах военной полиции» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам органов военной полиции» на рассмотрение

пленарного заседания Мажилиса Парламента Республики Казахстан с рекомендацией их одобрения в первом чтении. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Константин Викторович.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Бердалин Аманғали Бисенбайұлына беріледі.

БЕРДАЛИН А.Б. Спасибо.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги! Рассматриваемые законопроекты являются наглядным примером безответственного отношения Правительства к законотворческой работе.

Разработанный Министерством обороны и согласованный со всеми министерствами и ведомствами законопроект «Об органах военной полиции» по своей сути и содержанию является точной копией действующего одноименного закона, в который внесли незначительные корректировки, носящие декоративный характер, тогда как концепцией законопроекта предусмотрены следующие цели:

расширение полномочий органов военной полиции в связи с динамично меняющейся обстановкой в мире;

построение целостной системы законодательного обеспечения, унификация законодательных основ деятельности органов военной полиции, позволяющая согласованно выполнять поставленные задачи, и другое.

Как член рабочей группы хочу отметить, что вся наша работа была сведена к тому, чтобы привести законопроект в соответствие с концепцией и юридической техникой.

Уважаемые коллеги, вслушайтесь в цифры:

из 21 статьи проекта закона только 3 не подверглись корректировке. Все остальные путем внесения поправок были отредактированы, а также приведены в соответствие с юридической техникой;

7 статей были оптимизированы в 2, что позволило значительно сократить нормативный материал.

Так, в статье 5 законопроекта были перечислены 11 общих задач органов военной полиции и еще 8 отдельных задач органов военной полиции Комитета национальной безопасности и Вооруженных Сил. Многие задачи отражали функционал органов военной полиции, но никак не задачи.

В подтверждение перечислю некоторые из таких задач:

производство досудебного расследования;

розыск военнослужащих;

обеспечение безопасности дорожного движения.

Даже регистрация и технический осмотр механических транспортных средств были причислены к задачам.

Стиль изложения норм законопроекта также не выдерживает никакой критики. В подпункте 14) статьи 11 предусматривается обязанность – задерживать военнослужащих в предусмотренных законодательством случаях с содержанием их на гауптвахте. Что здесь имелось в виду – сразу не поймешь. Когда начали изучать функционал военной полиции,

пришли к выводу, что фактически под этим понималась обязанность содержать и охранять военнослужащих на гауптвахтах и в помещениях для задержанных, а задержание является отдельным полномочием.

Сопутствующий законопроект также подготовлен некачественно.

Я озвучил только малую часть поправок. Все остальные отражены в сравнительных таблицах к законопроектам.

Считаю, что изложенные недостатки являются следствием недобросовестного отношения к своим обязанностям ответственных лиц юридических служб разработчика законопроекта (Министерства обороны), а также Министерства юстиции.

Пользуясь случаем, прошу представителя Правительства обратить внимание на изложенные факты и принять меры по недопущению подобного впредь.

В целом я поддерживаю рассматриваемые законопроекты и призываю коллег одобрить их в первом чтении.

ТӨРАҒА. Почему только юридические службы? Наверное, это упущение и руководства данных государственных органов.

Сөз депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Біздің комитет мүшелері депутаттық өкілеттігіне кіріскеннен бері әскери қызмет жүйесіндегі құқықтық тәртіптің жай-күйіне ерекше назар аударып келеді. Өңірлерге шыққан кезде біз әскери бөлімдерге арнайы барып, сарбаздармен, офицерлермен кездесіп, олардың тұрмыс-тіршілігімен, қызмет жағдайларымен танысамыз. Осы жылдың басынан бері әскери қызмет пен тәртіп мәселелеріне арналған бірқатар іс-шараларды өткіздік.

Құрметті әріптестер, армияда проблемалардың бар екені белгілі, өйткені армия біздің қоғамның бір бөлігі. Қоғамдағы тұрмыс-тіршіліктің жайсыздығы, материалдық мәселелер, зорлық-зомбылық, құмар ойындары, суицид сияқты проблемалар әскерлерде де орын алып жатады. Алайда әскери ортадағы кез келген оқиға қоғамның ерекше талқысына түседі.

Аталған мәселелерді шешу үшін армия деңгейінде де, мемлекеттік деңгейде де жүйелі әрі кешенді шаралар қабылдау қажет. Сондықтан біздің комитет пен арнайы жұмыс тобы әскери полицияның қызметін реттеу жөніндегі заң жобаларын ыждағатпен қарастырды. Бұл туралы әріптесім Аманғали Бердалиев айтып өтті.

Халықтың «Ауырып, ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген нақыл сөзі бар. Осы ретте әскери полиция органдарының қызметі бірінші кезекте әскери қызметшілер арасында құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталуы керек. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы қазандағы Жарлығымен бекітілген 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Ол үшін ресурстар бар. Әскери полиция органдарын өздеріне тән емес міндеттерді орындаудан босату жеткілікті болады.

Сонымен қатар әріптесімнің әскери полицияның бірыңғай органын құру туралы ұсынысын тағы да қарастыру қисынды деп санаймын.

Әскери полиция кадрларының деңгейі де өте маңызды мәселе болып табылады. Олар парасатты және өз ісінің маманы, яғни сақадай сарбаздар болуы керек. Осыған байланысты мен әріптесімнің әскери полиция қатарына кіретін үміткерлерге қойылатын ерекше шарттарды енгізу қажеттілігі туралы ұсынысымен келісемін.

Мен қаралып отырған заң жобаларын қолдаймын, алайда көтерілген мәселелерді екінші оқылымға дейін жұмыс тобында тағы да қарау қажет деп санаймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсыныстар мен қаулыларға дауыс беруге көшейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 84, «жақтағандар» – 84. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери полиция органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 88. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасына дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87. Қаулы қабылданды.

Жаңа жұмыс тобы мен комитет төрайымы тарапынан бірқатар сын-ескертпелер айтылды. Екінші оқылымға дейін осы сын-ескертпелермен жұмыс жасау керек және комитетке қажет болған жағдайда Үкімет басшысының атына тиісті жауапты қызметкерлердің жауапкершілігін қарау жөнінде хат жолдау қажет. Соны дайындаңыз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселелер «Кәсіптік біліктілік туралы» негізгі және оған ілесіп заң жобалары жөнінде. Бірінші оқылым.

Сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Дүйсенова Тамара Босымбекқызына беріледі.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Қадірлі депутаттар! Назарларыңызға ұсынып отырған заң жобасы Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасын орындау үшін әзірленді.

Бұл құжат Ұлттық біліктілік жүйесін қалыптастыру және дамыту кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған.

Ұлттық біліктілік жүйесі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің көпшілігінде мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып саналады. Бұл жүйені олар еңбек және жұмыспен қамту нарығын ұзақ мерзімді дамыту ісінде қолданады.

Мысалы, АҚШ-тағы біліктілік жүйесі «Егер сіз жоғары дағдылар мен біліктілікке ие болмасаңыз, жақсы жалақы аламын деп үміттенбеңіз» деген идеяға негізделген. Ал Ұлыбританияның жүйесі дағдыларды сертификаттау арқылы жұмыс күшінің біліктілігін тоқтаусыз арттырып отыруды көздейді.

Германияда кадр даярлау ісі біліктілік жүйесі белгілеген деңгейлер бойынша жүзеге асырылады. Соның арқасында олар түрлі дағдарыстар кезінде Еуроодақ елдерінің ішінде жұмыссыздық деңгейі ең төмен ел болып қалуда.

ТМД елдері ішінде Ресей бұл бағытта жүйелі жұмыс жасай бастады.

Бізге заңнамалық база 2010 жылдан кейін қалыптаса бастады. Бірақ бұл жұмыс фрагментарлық түрде жасалып, жүйені қалыптастыру механизмдері толық қарастырылмаған. Соның салдарынан кадр даярлау жүйесіне және азаматтардың жұмыспен қамтылуына әсер ететін біртұтас біліктілік жүйесі қалыптаса қойған жоқ.

Осыған байланысты заң жобасында ең алдымен Ұлттық біліктілік жүйесінің міндеттері айқындалды.

Атап айтқанда, біріншіден, қолданыстағы және алдағы уақытта қажет болатын кәсіптер мен кәсіптік біліктіліктерді реттеп, бірыңғай жүйеге келтіру. Мысалы, бүгін жоғары оқуды бітірген азаматтар бакалавр, магистр немесе PhD дәрежесіне ие болады және оған сәйкес қызметте болуы және еңбек ақы алуы қажет. Ал практикада көбінше білім дәрежесі ескерілмей, олар жоғары, 1-ші, 2-ші категориялы немесе категориясы жоқ мамандар ретінде қабылданып, соған сәйкес еңбек функциясы белгіленеді және еңбекақы төленеді. Сондықтан заңдағы қаралып отырған негізгі мәселе – жүйеде бірыңғайлықты және бірізділікті қалыптастыру.

Екінші міндет кәсіптер мен кәсіптік біліктіліктерді реттеу аясында еңбек нарығында сұранысқа ие кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дұрыс қалыптастыру болмақ.

Заң жобасында Ұлттық біліктілік жүйесінің толық архитектурасы, яғни оның негізін құрайтын алты базалық компоненті ұсынылды.

Біріншісі – ұлттық және салалық біліктілік шеңбері. Онда аяқталмаған орта білімнен бастап PhD дәрежесіне дейінгі азаматтарға қажет болатын сегіз кәсіби білім деңгейі айқындалған және осы деңгейге тура келетін біліктілік, дағдылар мен машықтардың талап-сипаттамасы көрсетілген.

Екіншісі – қызметтердің ұлттық классификаторы. Бұл еліміздің аумағында атқарылатын қызметтердің атауын, азаматтардың онда атқаратын жұмыс түрін, дағды деңгейін мен мамандығын жіктейтін құжат. Осы классификатор негізінде жұмыс күшінің саны, олардың қай салада, қандай мамандықпен және қандай дағдымен жұмыс істеп жатқаны туралы статистикалық мәлімет жиналады.

Үшіншісі – қазіргі таңда еңбек нарығында бар және болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптердің тізімі.

Төртіншісі – кәсіби стандарттар немесе жұмыс берушілердің кәсіби біліктілікті айқындайтын талаптары.

Бесіншісі – білім беру бағдарламалары.

Алтыншысы – кәсіби біліктілікті растайтын сертификат.

Осылай Ұлттық біліктілік жүйесінің міндеттерін толық айқындадық.

Ендігі міндет оны жүзеге асыру үшін – кәсіптік білім беру секторы мен экономиканың түрлі салалары арасындағы әріптестік байланыстарды заңнамалық тұрғыдан реттеу.

Кадрларға талап жұмыс берушілер тарапынан болғандықтан, олардың атқарар міндеттерінде заң жобасында толық қарастырдық. Атап айтқанда:

біріншіден, жұмыс берушілер қазіргі таңда және ұзақ мерзімді болашақта сұранысқа ие кәсіптердің тізімін айқындайды;

екіншіден, жұмыс берушілер ұсынған кәсіптер тізбесі өңірлік және салалық кеңестерде одан әрі толықтырылып, жинақталады, содан салалық кәсіптер тізімі жасалады;

үшіншіден, салалық кәсіптер тізімі өз кезегінде мемлекет реттейтін және ол реттемейтін кәсіптер болып бөлінетін болады.

Мемлекет реттейтін кәсіптер бойынша жұмыскерлерді сертификаттау міндеттеледі. Бұл санатқа негізінен азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мамандықтар, мысалы, дәрігерлер, өрт сөндірушілер немесе адвокаттар жатады. Мемлекет тарапынан реттелмейтін кәсіптер үшін сертификаттау ерікті болады;

төртіншіден, белгілі бір кәсіптер бойынша жұмыскерлердің біліктілігіне, дағдылары мен құзыреттеріне қойылатын талаптар жұмыс берушілер жасалатын кәсіптік стандарттар түрінде бекітілетін болады. Оны жұмыс берушілердің өздері немесе олардың бірлестіктері әзірлейді.

Заң жобасындағы әріптестіктің екінші жағы – кәсіптік білім беру жүйесі. Білім беру ұйымдары жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, алдымен мамандықтар мен қызметтердің классификаторын жасайды. Мұнда әр кәсіп бірнеше түрлі мамандықтарға бөлінетін болады. Мысалы, мұғалім кәсібі өз ішінен математика пәнінің маманы немесе физика, химия пәндерінің мамандары деп жіктелетін болады, одан кейін жұмыс берушілердің кәсіптік стандарттары негізінде білім беру бағдарламаларын дайындайды, соңында білім беру саласындағы уәкілетті орган білім беру бағдарламаларын, жұмыс берушілердің кәсіптік стандарттарына сәйкес келген жағдайда мемлекеттік тіркеуден өткізетін болады.

Жұмыс берушілер мен кәсіптік білім беру жүйесі әріптестігінің нәтижесін тәуелсіз бағалау немесе сертификаттау жүйесін енгізу арқылы анықтайтын боламыз. Заң жобасына сәйкес бұл жұмысты арнайы сертификаттау орталықтары жүзеге асыратын болады. Бұл – Ұлттық кәсіпкерлер палатасының немесе басқа уәкілетті институттардың аккредитациясынан өткен тәуелсіз заңды тұлғалар. Ал сертификаттау орталықтарын аккредитациялаудың өзі «Аккредитациялау туралы» Заңға және еңбек жөніндегі уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес қатаң түрде жүргізілетін болады.

Сертификаттау процесі азаматтардың біліктілігі жұмыс берушілердің кәсіптік стандарттарына қаншалықты сәйкес келетінін ғана анықтау емес, сонымен бірге білім беру ұйымдарының да кадр даярлау деңгейін бағалау.

Тәуелсіз бағалаудан өткен азаматтарға сертификат беріледі.

Бұл ретте дипломдар мен сертификаттар туралы арнайы түсіндіре кеткім келеді. Тәуелсіз бағалаудан өткен түлектердің қолында нақты мамандығы бойынша кәсіптік даярлықтан өткенін растайтын диплом, ал алған білімдерін іс жүзінде қолдануға дағдыланғанын растайтын сертификат болады. Бір сөзбен айтқанда, сертификаты бар түлектерді жұмыс берушілер жұмыс өтілін талап етпей-ақ жұмысқа алуға мүмкіндік ашылады.

Сондай-ақ ерікті сертификаттаудан әртүрлі үйірмелер, тренингтер немесе өз бетінше оқу арқылы жұмысшы мамандығын игерген адамдар да өте алады. Бұл жағдайда сертификат жұмысшы мамандықтары бойынша жұмысқа қабылдау кезінде негізгі құжат бола алады.

Сертификаттау ақылы негізде жүзеге асырылады. Сертификаттау орталықтары қызметтерінің ақысын жұмыссыз азаматтар үшін атаулы ваучерлерді пайдалана отырып мемлекет төлейді. Ал өз қызметкерлерін сертификаттауға жіберген кезде оның ақысын жұмыс берушілер төлейді. Сондай-ақ дағдыларын ерікті түрде бағалаудан өткізгісі келген азаматтардың өздері де төлей алатын болады.

Заң жобасының тағы бір міндеті – осы процестерді мемлекеттік реттеу. Ол үшін заң жобасында үш деңгейлі институт құру көзделеді.

Бірінші деңгей – Үкімет жанындағы ұлттық кеңес. Оның құзыретіне ұлттық біліктілік жүйесін дамыту, салалық және өңірлік кеңестер дайындаған кәсіптер тізімін мақұлдау және жаңа кәсіптік стандарттарды әзірлеуді, қолданыстағы кәсіптік стандарттарды өзектендіру ісін қаржыландыратын көздерді мақұлдау мәселелері кіреді.

Екінші деңгей – орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылатын салалық және өңірлік кеңестер. Олар кәсіптер тізімін, қажетті кәсіби стандарттар мен білім беру бағдарламаларының тізімін және жұмыс берушілер немесе олардың қауымдастықтары әзірлеген кәсіби стандарттарды келіседі.

Бұл ретте уәкілетті органдарға тиісті салалар бойынша жұмыстарды үйлестіру, реттелетін кәсіптер бойынша кәсіптік стандарттарды әзірлеуді ұйымдастыру және қаржыландыру жауапкершілігі жүктеледі.

Үшінші деңгей – кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган. Бұл орган бірыңғай әдіснамалық орталық әрі Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасының операторы болып саналады.

Ол біліктілік жүйесіне қатысушылардың жұмысын үйлестіреді, жүйенің әдіснамалық базасын әзірлейді және кәсіби стандарттарды тіркейтін болады.

Заң жобасында қаралған нормалар кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді. Атап айтқанда, Еңбек кодексінен біліктілік жүйесіне қатысты барлық нормалар алып тасталады, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының аясында жұмыс істеушілерге кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өткен кезде қызметкерлер үшін жеңілдіктер мен кепілдіктер бекітіледі, бірқатар салалық заңдарда мемлекеттік органдардың кәсіптік стандарттарды әзірлеу және қаржыландыру құзыреті, сондай-ақ «Атамекен» ұлттық палатасына кәсіптік біліктілік туралы заңнамаға сәйкес тану орталықтарын аккредиттеуді жүргізу бойынша өкілеттіктер бекітілетін болады.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, қадірлі депутаттар! Осы ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер, біріншіден, мемлекет, жұмыс беруші және азаматтар қатысатын біртұтас ұлттық біліктілік

жүйесін құруға, екіншіден, кәсіптік білім беру секторын жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестендіруге, үшіншіден, кәсіптік біліктілікті танудың тәуелсіз жүйесін енгізуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Ержан Құдайберген Төлепұлы.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімнің де қолдауын сұраймын.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Заң жобасына сәйкес біліктілікті тану орталықтары кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өткен барлық тілек білдірген адамдарға құжаттарды беруді жүзеге асыратын болады.

Іс жүзінде мұндай орталықтардың жосықсыз құрылтайшылары еңбек ресурстарының сапасына жауап бермей, орталықтарды осындай сертификаттарды басып шығару және тарату үшін «кеңселерге» айналдыруы ықтимал.

Мұндай орталықтардың қызметін қадағалау және бақылау үшін қандай құралдар қарастырылады?

Орталықтардың қызметінде кәсіптік біліктілікті тану тәртібін бұзу фактілері анықталған кезде олардың жауапкершілігі қандай болмақ? Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі таңда Қазақстанда 28-ден астам сертификаттау орталықтары бар. Олардың, жаңа сіз айтқандай, кемшіліктер бар. Біз «Атамекен» ұлттық палатасы аккредитация жасайды деген болатынбыз, бірақ осы күнге дейін Ұлттық палатада аккредитациялау ережесі жоқ. Сондықтан әрбір орталық аккредитациядан өтуі керек, ол аккредитация заңына сәйкес болуы керек, сондай-ақ «Атамекен» біздің жасаған ережемізге сәйкес аккредитация жасауы керек деп тапсырма бердік. Егер сертификаттаудан өткен азаматтың тарапынан арыз түссе, оны Үкімет жанындағы ұлттық кеңес немесе салалық кеңес немесе біздегі ұлттық орган қарап, «Атамекен» ұлттық палатасына бір жылдың ішінде оның аккредитациясын қайтарып алу жөнінде ұсыныстар беруге және оны қадағалауға мүмкіндігі бар деген құзыретті қарастырдық.

ТӨРАҒА. Депутат Ожаев Нұрлыбек Жұмахметұлы.

ОЖАЕВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Тамара Қасымқызы! Заң жобасында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына біліктілікті тану саласында кең функциялар мен өкілеттіктер беру ұсынылады, олардың бірі құрылатын біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу болып табылады.

Мұндай функцияларды трансформация процесінде тұрған «Атамекенге» беру қаншалықты орынды?

Осы нарықты монополияландыру мүмкіндігін болғызбау мақсатында бұл функцияларды мемлекеттік органдарға, яғни министрліктердің жанындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестерге берген тиімді емес пе?

Екінші сұрағым «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкіліне.

Заң жобасында енгізілетін кәсіптік біліктілікті тану рәсімдерін жүзеге асыру үшін сіздерде қажетті ресурстар бар ма? Біліктілікті тану орталықтарын бағалаудың объективтілігін қаншалықты қамтамасыз ете аласыздар? Олардың қызметіне мониторинг қалай жүргізіледі? Тағы да мемлекеттің қаражаты пайдаланыла ма? Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы аккредитацияны өзінің қаулысымен, өзіндегі құжатпен алып келген. Сондықтан бұл заңда ол мәселені көрсеттік. Осыған дейін де Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құзыретінде осындай орталықтарды аккредитация жасау және оларды тіркеу мәселесі қаралған болатын, біз бұл заңда оны нақтыладық. Енді аккредитация жасау, біріншіден, қолданыстағы аккредитация заңына сәйкес болуы керек, екіншіден, еңбек жөніндегі уәкілетті органның жасаған құжатына сәйкес жасалынуы керек, үшіншіден, Ұлттық кәсіпкерлер палатасында аккредитациялау жөнінде мәселелер болса, онда Үкімет жанындағы кеңес соған қарап Ұлттық кәсіпкерлер палатасына да өзінің ұстанымын енгізуіне болады деген мәселелер заңда қарастырылды.

Сондай-ақ біліктілікті танитын орталықтарға құқық бердік. Біріншіден, Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан да өтуі мүмкін, болмаса кез келген басқа институттан да өту құқығы бар, мәселен, бізде Ұлттық аккредитациялау орталығы бар, содан өтуі мүмкін немесе шетелден өтіп келуі мүмкін, бірақ Ұлттық кәсіпкерлер палатасының тіркеуінен өтеді. Ал уәкілетті органдардың жанындағы салалық кеңестер консультативтік-кеңесші органдар ғой, сондықтан олар тек Ұлттық кәсіпкерлер палатасына немесе уәкілетті органға осы орталықтардың істеп жатқаны дұрыс па, дұрыс емес пе, сол жөнінде өз ұстанымдарын, пікірлерін айтуы мүмкін. Егер олардың айтқаны расталса, онда уәкілетті органдар бір жылдың ішінде аккредитацияны қайтарып алу жөнінде өз ұстанымдарын Ұлттық кәсіпкерлер палатасына береді.

ТӨРАҒА. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының микрофонын қосыңыздар.

БЕЙСЕНБЕНОВ А.А. Рақмет.

Қазіргі уақытта «Атамекен» осы жұмысты «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Заңның шеңберінде жүзеге асыруда, яғни мамандарды сертификаттау орталықтарының тізілімі жүргізіледі.

2017 жылдан бастап 28 сертификаттау орталығы ашылған, «Атамекеннің» реестріне енгізілген. Олар сала бойынша ашылған, яғни энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, құрылыс, машина жасау, туризм, қонақүй және дизайн, басқа өндірісі, қаржы секторы, жиһаз өндірісі, жобалық менеджмент, білім, лифт шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі. 2017 жылдан бастап сертификаттау орталықтарында 32 мыңға жуық адам сертификат алды.

Оларды мониторингтеуге, тексеруге біздің төрт инструментіміз бар. Сертификаттау орталықтары құжаттарын тапсырған кезде біз оларды біліктілік талаптары бойынша тексереміз, яғни олардың тәжірибесі болуы керек, ірі компаниялардан болуы керек, біз сондай компанияларды аламыз.

Мамандарды сертификаттау кезінде комиссия құрылады, ол комиссияда «Атамекеннің» өкілдері, салалық ассоциацияның өкілдері болады, олар соның бәрін тексереді және жыл сайын мониторинг өткізіледі. Егер шағым-арыздар түссе, онда кезектен тыс тексеру өткіземіз. Әр өңірде 20 өңірлік палата бар, ол жерде әр палатадан екі адамнан отырады, олар сол жұмыстарды атқарады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Ожаевтың микрофонын қосыңыздар.

ОЖАЕВ Н.Ж. Сұрағымды нақтылап алғым келіп отыр.

Мониторинг жүргізгенде мемлекеттің қаржысына сүйенесіздер ме, әлде өздеріңіздің ішкі мүмкіндіктеріңізді пайдаланасыздар ма?

БЕЙСЕНБЕНОВ А.А. Мемлекеттің бюджетінен емес, «Атамекеннің» бюджетінен аламыз.

ТӨРАҒА. Депутат Телпекбаева Жанна Тілеубекқызы.

ТЕЛПЕКБАЕВА Ж.Т. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Министерства науки и высшего образования.

С принятием этого закона преимуществом для трудоустройства станет наличие сертификата дипломированного выпускника. Сертификация будет доступна для казахстанцев, которые проходили очное, заочное или дистанционное обучение как в отечественных вузах, так и за рубежом.

Скажите, пожалуйста, не приведет ли это к девальвации наших дипломов и готовы ли наши вузы к сертификации выпускников? Спасибо.

ЕРҒАЛИЕВ Қ.А. Спасибо за вопросы.

Данная процедура не приведет к девальвации наших дипломов, потому что это является международной практикой. В странах Европейского союза и Соединенных Штатах Америки по ряду регулируемых специальностей, которые связаны со здравоохранением и обеспечением безопасности, есть такие экзамены, как Bar Examination для юристов и USMLE для врачей.

Вместе с этим мы считаем, что данная система, наоборот, усилит наши вузы, направит их на обеспечение качества и будет мотивировать тесно работать с работодателями, которые будут нанимать именно соответствующих их требованиям специалистов. Спасибо.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Ерлан Жақанұлы, рұқсат болса, сұраққа қосымша жауап берейін.

Я хотела бы еще раз обратить ваше внимание на то, что диплом – это документ, который подтверждает профессиональное образование, а сертификат – документ, подтверждающий, что человек может использовать знания на практике. Поэтому в законе конкретно указано, что должны проходить сертификацию в обязательном порядке только по тем профессиям, которые будет регулировать государство, и это сегодня уже реализуется по нашим отдельным направлениям, а по остальным профессиям сертификация остается добровольной. Это было введено для того, чтобы работодатели при приеме на работу выпускников, получивших сертификат, не предъявляли к ним условие обязательного стажа, если они доказывают, что могут использовать эти знания на практике.

ТӨРАҒА. Депутат Рахымжанов Әмірхан Мұратбекұлы.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Заң жобасында жұмыссыз адамдарға кәсібі бойынша кәсіптік біліктілігін тану жөніндегі сертификатты тегін негізде алу үшін құқық беретін біржолғы ваучер беру көзделеді.

Сіз басқарып отырған министрліктің деректері бойынша жыл сайын осындай ваучерлермен қамтамасыз ету, яғни 2023 жылы 1 мыңға дейін, ал 2025 жылы 2 мыңға дейін жұмыссыз азаматты ваучерлермен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші. Ресми тіркелген 238 мың жұмыссыз азамат саны бойынша бөлінетін ваучерлердің саны жеткілікті ме?

Екінші. Ваучерлерді алу кезінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардың мүшелері, мүгедектігі бар еңбекке қабілетті адамдар, жұмыстан қысқартылатын жұмыскерлер мен жастар басым құқыққа ие болады ма? Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Жалпы, сертификаттау ерікті. Азамат жұмыссыз ретінде тіркеліп, оның мамандығы мемлекет тарапынан реттелетін мамандыққа кірсе, онда ол міндетті түрде бізден ваучер алады, оған мемлекет төлейді.

Заң қабылдағаннан кейін бұны 2024 – 2025 жылдары пилотты түрде жүргізбекшіміз. Өздеріңіз қолдаған бюджетте оған 1,5 миллионнан арстам қаражат қарастырылған. Ал егер реттелмейтін мамандық болса, ол азамат сертификат аламын десе, онда мемлекет оған міндетті түрде ваучер береді.

ТӨРАҒА. Депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызы.

НҰРКИНА А.Қ. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемая Тамара Касымовна! Законопроектом предусмотрена возможность подтверждения неформального и информального образования в центрах признания

квалификации. Для этого кандидат предоставляет такому центру сертификат или свидетельство о завершении данного обучения, а также описание результатов полученного обучения. Однако конкретный механизм предлагаемых процедур непонятен.

В связи с этим скажите, пожалуйста:

1. Будет ли это произвольное описание полученных знаний кандидатом или предполагается описание в рамках установленной формы?

2. По каким критериям будет определяться соответствие той или иной профессиональной квалификации? Спасибо.

ДУЙСЕНОВА Т.Б. Спасибо за вопросы.

Мы сейчас сказали, что при аккредитации будут правила, точно так же и при сертификации будут подготовлены правила по проведению сертификации по тем или иным профессиям, указанным в отраслевом реестре профессий. Это первое.

Второе. Человек, который имеет неформальное образование, может принести свое свидетельство о том, что он отучился, прошел какой-то тренинг, обучился в каких-то кружках, или же может заполнить в форме, установленной уполномоченным органом. У тех, у кого неформальное образование, то есть кто сам научился реализовывать те или иные профессии, это будет в произвольном порядке, что тоже будет указано в правилах уполномоченного органа. Одновременно в законе мы прописали, какие именно документы и в какой установленной форме будут представлять на своих цифровых платформах непосредственно центры сертификации.

То есть будут правила уполномоченного органа, что будет и в каком виде, а центры сертификации будут обязаны представлять эти формы на цифровых платформах.

ТӨРАҒА. Депутат Елюбаев Мәди Сағынтайұлы.

ЕЛЮБАЕВ М.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкіліне.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің баяндамасында кәсіптік стандарттар білім беру бағдарламасының мазмұнын айқындайтын болады деп айтылды. Алайда заң жобасында кәсіптік стандарттарға қойылатын жалпы талаптар ғана айқындалған.

Жоғары оқу орындарының академиялық дербестігі жағдайында кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламалары іс жүзінде қалай жаңартылады?

Сонымен қатар кәсіптік стандартты бекітуден бастап оның негізінде өзектілендірілген білім беру бағдарламаларын бекітуге дейінгі процесс орташа есеппен қанша уақытты алады?

ТӨРАҒА. Ғылым және жоғары білім вице-министрінің микрофонын қосыңыздар.

ЕРҒАЛИЕВ Қ.А. Мәди мырза, сұрағыңызға рақмет.

Қазірдің өзінде 600-ден астам кәсіби стандарттар бар, бұл стандарттар оқу бағдарламалары жасалған кезде есепке алынып, қолданылады. Жалпы, әр университетте

кәсіби кеңес деген бар, сол жерде олар жұмыс берушілермен, оқытушылармен бірге бағдарлама жасайды. Ол бағдарламаны біздің министрліктің білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізеді. Сарапшылар ол бағдарламаға сараптама жасап, кәсіби стандартқа келе ме, келмей ме, сол бойынша жауабын береді. Қазіргі таңда 8 мың 500-ден астам оқу бағдарламасы бар, солардың шамамен 60 пайызы кәсіби стандарттарға сәйкес келеді.

Кәсіби стандарттардың бағытын білесіздер, қазірдің өзінде 50 пайыз ғана, қалғандары осы заң аясында жетілдірілетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Бойчин Анатолий Васильевич.

БОЙЧИН А.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован докладчику.

Уважаемая Тамара Касымовна! Согласно законопроекту финансирование затрат по разработке профессиональных стандартов будет осуществляться за счет средств республиканского бюджета.

Скажите, пожалуйста, почему эти расходы возлагаются на бюджет, а не на отраслевое профессиональное сообщество или работодателей? Ведь они в первую очередь должны быть заинтересованы в их разработке.

Рассматривался ли министерством в качестве варианта, например, такой механизм, как введение налогового стимулирования работодателей в части затрат на разработку профессиональных стандартов в их отраслях? Спасибо.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Спасибо за вопросы.

Государство берет на себя полное финансирование по разработке профессиональных стандартов, касающихся регулируемых профессий, а по нерегулируемым профессиям вопросы будут рассмотрены на уровне совета при Правительстве. Если совет считает, что нужно эти профессиональные стандарты финансировать за счет государства, если эти профессии сейчас востребованы и необходимы, тогда да, это может взять на себя республиканский бюджет. В остальных случаях разработка профессиональных стандартов будет осуществляться непосредственно самим работодателем. Сегодня эта практика уже начата.

ТӨРАҒА. Депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Тамара Қасымқызына.

Заң жобасында 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап тек кәсіптік стандарттар негізінде жұмыстар мен кәсіптерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу және Жұмыстар мен кәсіптердің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығынан кәсіптік стандарттарға толық өту жөніндегі нормалар көзделген. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Бірінші. Бұндай өтудің себебі неде?

Екінші. Бірыңғай кәсіптік-біліктілік анықтамалығы тарифтік разрядының шамасымен кәсіптік стандарт бойынша біліктілік деңгейі арасындағы арақатынас қандай болады?

Кәсіптік стандарттардың біліктілік деңгейлері тарифтік разрядтарды біліктілік анықтамалығы ретінде жұмыстың күрделілігі бойынша қаншалықты дәл саралайды?

Осы сұрақтарға жауап берсеңіз. Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Ұлттық біліктілік жүйесінің алты базалық компоненті жөнінде айтып кеттім. Негізгі мәселе – ұлттық және салалық біліктілік шеңбері. Отраслевая рамка квалификаций или же национальная рамка квалификаций.

Сол шеңбердің ішінде мектепті бітіргеннен PhD дәрежесіне дейінгі білім алған азаматтардың қандай машықтары, қандай дағдылар, қандай квалификациясы болу керек деген нақты сипаттама берілген. Соған сәйкес қазірдің өзінде азаматтар бакалавр, магистр, PhD дәрежесіндегі дипломдармен келуде. Ал бүгінгі күні біз Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының аясында бакалавр емес, категориясы жоқ маман немесе бірінші, екінші категориядағы маман деп еңбек функциясын қойып, сол дәрежеге тура келетін еңбекақыны қойып жатырмыз. Сондықтан қазір ұлттық біліктілік жүйесінде де, салалық біліктілік жүйесінде де білім дәрежесі, соған қажетті машықтары белгіленген, анықталған, ол қазір заңды түрде жұмыс істеліп жатыр. Сондықтан бұл машықтар тура келеді деп отырмыз.

600-ден астам кәсіби стандарттар жасалған. Кезең-кезеңімен Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығынан сол мамандықтарды алуы керек.

Жұмысшылар бойынша тарифтік разрядтар жөнінде. Біз жұмысшы мамандықтар бойынша тарифтік разрядтарды Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығында қалдыратын боламыз.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлы.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Заң жобасының нормаларына сәйкес шет мемлекет берген кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттар қолданыстағы халықаралық шарттар болған кезде Қазақстан Республикасының аумағында жарамды деп танылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның қай елдермен осындай уағдаластықтары бар? Егер бар болса, олар қандай кәсіптерге қатысты? Сонымен қатар бізде шетелдік тану орталықтары берген кәсіптік біліктілікті тану туралы сертификаттар таныла ма? Осы сұрақтарға жауап берсеңіз.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Соңғы сұрағыңыздан бастайын.

Біз экономикамызға шетелдік мамандарды шақырып жатырмыз ғой, ондай мамандар келіп жатыр. Біз сертификатпен келгендерді қабылдап жатырмыз. Қазақстан

азаматтары үшін де дәл солай, мәселен, Атыраудағы «Еділ-Орал» оқу кешенінен алған сертификатты (ол орталық Германияда аккредитацияланған) шетелдіктер қабылдауда.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің WorldSkills деген стандарты бар, сонымен келсе, онда біздің мемлекет барлық сертификатты қабылдайтын болады, ал егер халықаралық стандартқа сәйкес келмесе, онда, әрине, қабылдамаймыз.

Бүгінгі таңда осы WorldSkills бойынша энергетика саласында, коммуникациялар саласында, мұнай-газ саласында халықаралық келісімдеріміз бар, ал басқа мамандықтар бойынша әзірге жоқ. Сондықтан осы заң аясында жұмысты жалғастырамыз.

ТӨРАҒА. Депутат Камасова Зарина Айдарханқызы.

КАМАСОВА З.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован докладчику.

Уважаемая Тамара Босымбековна! Законопроектом предлагается исключить из трудового законодательства порядок подтверждения соответствия и присвоения квалификации по регулируемым профессиям (в частности, это касается отрасли здравоохранения). При этом хочу отметить, что в проекте Закона «О профессиональных квалификациях» вообще нет никаких требований по регулируемым профессиям, тем не менее по нерегулируемым профессиям четко расписаны правила регламентации.

Скажите, пожалуйста, чем обусловлен такой подход и каким образом планируется регулировать вопросы присвоения квалификации по регулируемым профессиям, если вы это исключаете из законопроекта? Спасибо.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Спасибо за вопросы.

Во-первых, почему исключаем из Трудового кодекса? Раньше не было отдельного закона. Сейчас мы рассматриваем отдельный проект закона, касающийся профессиональных квалификаций. В этой связи те нормы и процессы, которые мы предусмотрели Трудовым кодексом, исключаются.

В отношении сертификации по регулируемым государством профессиям есть специальная статья, где написано, что по тем профессиям, которые регулирует государство, сертификация будет проходить в соответствии с отраслевым законодательством. Это в отраслевом законодательстве о системе здравоохранения и системе образования уже расписано. Поэтому мы сделали ссылку к этим законам.

ТӨРАҒА. Депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы.

ӘЛТАЙ А.Д. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Тамара Қасымқызына.

Сертификат берудегі әділеттілік қағидаты қалайша бақыланады? Ұлттық кәсіпкерлер палатасына тіркелген 28 сертификат берушінің (әрине, алдағы уақытта оның қатары көбейеді) жұмыс істеу механизміндегі әділеттілік қалай бақыланады? Сыбайлас жемқорлықтың, бюрократиялық кедергінің алдын алу үшін қандай шаралар бақыланады? Осыған жауап берсеңіз.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Жалпы, біліктілікті тану орталықтарының Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (КРІ) бойынша бір ғана көрсеткіші болады, ол – сертификатталған азаматтардың ішінен қаншасы жұмысқа орналасқаны. Сертификаттар беріліп, бірақ сертификат алған азаматтар жұмысқа орналаспаса, біріншіден, ол мәселе бойынша ұсыныс болады, екіншіден, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тарапынан да, біздің тарапымыздан да бақылау болады. Біз өзімізге сондай құзырет алдық.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым министрге.

Біз себеп-салдарымен күресіп жатқан сияқтымыз. Сіз кеңес заманының мектебінен өткен адамсыз. Біз де сол мектептен өттік.

Біліктілік керек, бакалавр, магистр, PhD дипломдары тиісті біліктілік бере алмайды, сондықтан сертификациядан өткізуіміз керек деп отырсыз. Жалпы, біздің білім беру жүйесін өзгерту қажет емес пе? Мысалы, бес жыл оқымаған инженер қанша сертификациялаудан өтсе де ешқашан инженер бола алмайды, өйткені оның базасы жоқ. Осындай салдарымен күреспес үшін біз Болон процесінен бас тартуымыз керек шығар? Министр ретінде сіздің ойыңыз қалай? Көріп жүрміз ғой, қазір шыққан ғалымдар да, бакалавр, PhD дипломын алғандар да ештеңеге жарамсыз болып қалып жатыр. Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Болон процесі жөнінде менің әріптестерім жауап берер.

Қазір біз көптеген түлектерді шығарып жатырмыз. Жақында сіздердің алдарыңызда Әлеуметтік кодексті алып келгенде айттық, жылына 350-400-ге жуық жастар шығады деп. Халықаралық ұйымдар білім деңгейін тексерген кезде біздің балалардың білім деңгейінің өте төмен екендігін көрсетті, сондықтан білім беретін ұйымдардың, ошақтардың өздерін бағалау керек.

Сертификация тек азаматтың білімін ғана емес, сол білімді берген білім ошағының да деңгейін көрсетеді. Сондықтан білімді реформалау арқылы ғана емес, сырттан басқа факторлар арқылы да көрсететін жағдайға жеткен сияқтымыз.

Біліктілік жүйесінің үш деңгей бар, олар – жұмыс берушінің талабы, сол талапқа сәйкес келетін оқу бағдарламасы, жұмыс нәтижесінің дұрыс-бұрыстығын көрсететін біліктілікті тану жүйесі. Ол дүниежүзілік практика.

Сондықтан біліктілікті тану жүйесінде не жұмыс берушінің талабының дұрыс еместігін, не біздің білім ошақтарының нашар екендігін көрсететін баға болуы керек деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Ғылым және жоғары білім министрлігі, Болон процесі жөнінен қосатын ақпаратыңыз бар ма?

ЕРҒАЛИЕВ Қ.А. Сұрағыңызға рақмет.

Мен концептуалды жауап берейін. Дамыған елдерде, жалпы, Еуропа елдерінің барлығында Болон процесі бар. Бұл жерде Болон процесі экономикаға зиян келтіреді деп айтуға болмайды. Болон процесі тек оқуда ғана емес, жұмыс берушілермен де тығыз жұмыс істеуді ынталандырады. Осы заң аясында енгізілген сертификациялау процесі өте маңызды этаптардың бірі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Тамара Босымбекқызы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Жулин Юрий Викторовичке беріледі.

ЖУЛИН Ю.В. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Обеспечение высоких темпов экономического роста сегодня невозможно без изменения качества трудовых ресурсов.

В современных условиях эффективное развитие кадрового потенциала предполагает непрерывное образование в течение всей жизни, а также снижение барьеров для входа на рынок труда граждан, особенно молодежи и социально уязвимых слоев населения.

Однако по данным Правительства, опирающегося на исследования ОЭСР, большинство взрослого населения страны (порядка 95 процентов) сегодня после получения образования перестает обучаться. Кроме того, сохраняется разрыв между образовательными программами по подготовке кадров и требованиями рынка труда.

В целях урегулирования общественных отношений, связанных с порядком признания профессиональных квалификаций, стимулирования работников к совершенствованию своих компетенций, усиления взаимосвязи сфер труда и образования Правительством разработаны и внесены в Мажилис Парламента законопроект «О профессиональных квалификациях» и сопутствующий проект закона.

В ходе работы над законопроектами депутатами внесен ряд поправок.

Так, в понятийном аппарате уточнены понятия «профессия», «кандидат, претендующий на признание профессиональной квалификации», «национальный классификатор занятий». Также уточнены функции отраслевых советов по профессиональным квалификациям – это один из ключевых элементов национальной системы квалификаций.

Внесены поправки, направленные на конкретизацию оснований для отзыва и возобновления аттестата аккредитации у центров признания профессиональных квалификаций. При этом дополнена норма о том, что аккредитация не подлежит возобновлению в случаях нарушений, связанных со здоровьем, жизнеобеспечением и безопасностью граждан.

Законопроектом закреплены условия для получения признания профессиональных квалификаций иностранцами и лицами без гражданства.

Депутатами поддержаны и уточнены нормы, направленные на приведение отдельных законов, касающихся профессиональных квалификаций, в соответствие с положениями проекта Закона «О профессиональных квалификациях».

Кроме того, приняты поправки редакционного характера и юридической техники. Рабочая группа рассмотрела свыше 70 поправок. Работа продолжается.

Всеми комитетами Мажилиса Парламента на законопроекты даны положительные заключения.

Уважаемые коллеги, принятие данных законопроектов призвано создать правовые условия для повышения конкурентоспособности казахстанских работников, что окажет положительное влияние на экономическое развитие нашей страны.

На основании вышеизложенного прошу поддержать данные законопроекты в первом чтении. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Юрий Викторович.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобалары Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіптік біліктіліктерін тануға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында көптеген жаңа кәсіптердің пайда болуы, көптеген процестерді автоматтандыру мен цифрландыру аясында еңбек нарығының елеулі өзгерістері қарқын алып келе жатқанын атап өтті. Мұндай жағдайда қазақстандық мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қайта мамандану және жаңа мамандықтарды игеру арқылы ғана қамтамасыз етуге болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы кәсіптік біліктілік жүйесі мәселелері бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамалық база әртүрлі деңгейдегі бірқатар нормативтік құқықтық актілерде ұсынылған. Алайда осы саладағы қолданыстағы заңнаманы талдау құқықтық нормалардың белгілі бір дәрежеде бытыраңқы екенін және осы саланы реттеуге бірыңғай тәсілдің жоқтығын көрсетіп отыр.

Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы қазіргі еңбек нарығы жағдайында аталған саладағы өзара қатынастарға қатысушылардың құқықтарын, міндеттері мен функцияларын ескере отырып, оны айтарлықтай жетілдіруді қажет етеді.

Сонымен қатар жүйенің негізгі құралдарын қамтитын ақпараттық-аналитикалық платформа құру арқылы кәсіптік біліктілік жүйесін цифрлық трансформациялау қажеттілігі туындады. Мұндай құралдарға мыналар жатады:

кәсіптік стандарттардың, салалық біліктілік шеңберлерінің және біліктілікті тану орталықтарының тізбелері;

кәсіптік біліктілікті тану жүзеге асырылатын кәсіптер тізілімі;

еңбек ресурстарын болжау нәтижелері және басқа да өзекті ақпарат.

Біліктілікті тану мәселелерін реттеумен қатар заң жобалары қызметкерлерді өз дағдылары мен құзыреттерін жетілдіруге ынталандыру тетіктерін де қамтиды. Бұл болашақта еңбек ресурстарының сапасын қамтамасыз етеді.

Менің ойымша, Үкімет ұсынған кәсіби біліктілікті тануға бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдар мен еңбек нарығына қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың рөлдері мен тетіктерін бекітуге, азаматтарды біліктілік деңгейін арттыруға, дағдылары мен құзыреттерін дамытуға ынталандыруға бағытталған заңнамалық өзгерістер мен толықтырулардың жағымды құқықтық және әлеуметтік-экономикалық нәтижелері болады.

Құрметті әріптестер! Еңбек қатынастары саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың маңыздылығын ескере отырып, осы заң жобаларын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсыныстар мен қаулыларға дауыс берейік.

Бірінші кезекте «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 86, «қалыс қалғандар» – 2. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87, «қалыс қалғандар» – 1. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 85, «қалыс қалғандар» – 2. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87, «қалыс қалғандар» – 1. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі үш мәселе бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан аталған заң жобалары бойынша ортақ баяндама жасап, олар бойынша қаулыларды жеке-жеке қабылдауды ұсынамын.

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» негізгі Заң жобасы (бірінші оқылым) және оған ілесіп екі заң жоба – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бірінші оқылым),

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бірінші оқылым).

Сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігі және банкроттығы туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасын әзірлеу барысында жеке тұлғалардың банкроттығы институты қалыптасқан елдердің тәжірибесі сарапталып, оңтайлы нормалар алынды.

Осылайша, халықаралық тәжірибені ескере отырып, рәсімдердің үш түрін енгізуді ұсынып отырмыз.

Бірінші рәсім – соттан тыс банкроттық рәсімі. Оған азаматтар келесі шарттар бойынша өтініш бере алады:

банктер, микроқаржы ұйымдары мен коллекторлар алдындағы берешек 4,9 млн теңгеден (1 мың 600 айлық есептік көрсеткіш) аспаса;

ресми кірісі жоқ немесе ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын табыс – 36 мың 18 теңге.

Бұл ретте борышкердің мүлкі болмауы керек және қарыздар бойынша банкпен есеп айырысу рәсімін жүргізу қажет.

Соттан тыс банкроттық тек банктер, микроқаржылық ұйымдар және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолданылуы мүмкін. Ол үшін «электрондық үкімет» веб-порталында немесе арнайы сервистік қосымшалар арқылы өтінім беріледі, содан кейін ақпараттық жүйе арқылы борышкердің кіру критерийлеріне сәйкестігін анықтау мақсатында мүдделі мемлекеттік және басқа органдардың деректерімен автоматты түрде салыстыру жүргізілетін болады.

Сомасы 4,9 миллион теңгеден асатын қарыздар бойынша және басқа да берешек түрлері бойынша азаматтар сот банкроттығына жүгіне алады.

Бұл рәсім барысында борышкердің мүлкі сатылатын болады.

Түскен қаражат белгіленген кезекпен кредиторлар алдындағы қарыздарды өтеуге жұмсалады.

Егер жалғыз тұрғын үй кепіл заты болып табылса, онда кредитордың оны соттың банкроттық рәсімі кезінде қайтарып алуға құқығы бар.

Жалғыз баспана кепіл болмаса, кредиторлар оны талап ете алмайды.

Сот банкроттық рәсімін қаржы басқарушылары жүзеге асырады, оларға:

заңды тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді банкроттық рәсімін жүзеге асыратын әкімшілер;

кәсіби бухгалтерлер;

заң консультанттары;

аудиторлар жатады.

Үшінші рәсім – ол төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі. Яғни, тұрақты табыс болған жағдайда қарызды төлеу үшін (бес жылға дейін) сот тәртібімен бөліп төлеу

жоспарын алу мүмкіндігі беріледі. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушылармен бірлесіп әзірленіп, сотпен бекітілетін болады.

Бұл процедураның артықшылығы – кейін адам «банкрот» деп танылмайды, сондықтан банкрот үшін көзделген салдар оған қолданылмайды.

Жалпы, банкроттықтың келесідей салдары бар екенін атап өткен жөн:

1) бес жылға дейін несиелер мен кредиттер алуды шектеу көзделген;

2) азаматтар жеті жылдан кейін ғана банкроттыққа қайта жүгіне алады;

3) банкроттықтан кейін үш жыл ішінде банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу көзделеді.

Сол себептен азамат өзін банкрот деп жариялаудан бұрын ықтимал салдары мен оның тиімсіз жақтарын шектеулер туралы барынша ойлану қажет.

Негізгі заң жобасынан басқа төрт кодекс пен он екі заңға өзгертулерді көздейтін ілеспе заң жобасын, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын қарастыру ұсынылады.

Құрметті депутаттар, жалпы, заңды іске асыру азаматтардың борыштық жүктемесін азайтуға, әлеуметтік шиеленісті жеңілдету және қаржылық сауаттылықты арттыруға, қарызды өтеуді ынталандыруға алып келеді.

Заң жобаларын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Күні кешегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы бұл мәселеге өте терең тоқталды. Бұл қоғамда да талқыланып келе жатыр. Сондықтан мен бұл заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Баяндамаңызда атап өтілгендей, заң өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға бірқатар себептер бойынша жинақталған ауқымды қарыздардан құтылуға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі таңда қоғамда күтілетін және талқыланатын заңдардың бірі.

Өзіңіз айтып өттіңіз, банкроттық рәсімі үш түрді қамтиды, олар – соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі. Осы орайда келесі сұрақтарыма толығырақ жауап берсеңіз.

Бірінші. Кімнің банкроттық рәсімін бастауға құқығы бар?

Екінші. Кредит берушілердің борышкерге қатысты аталған рәсімдерді қолдануға құқығы бар ма? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет, Жанарбек Садықанұлы.

Өздеріңіз білесіздер, бұл заң жобасын талқылау барысында көптеген ұсыныстар келіп түсті және талқыланды. Сол жерде анықтағанымыздай, негізінде қатысушылар – борышкер және кредитор. Кредиторы барлар кімдер? Олар – банктер, банктік емес қаржылық ұйымдар және коллекторлар. Әрине, бұл жерде банкроттық кез келген борышкердің белгілі бір мүмкіндігі, белгілі бір құқығы. Сондықтан біз осы заңда банкроттыққа бару ол тек борышкердің құқығы ретінде қарастырып отырмыз. Ал қарыз берушілер, яғни жаңа аталған ұйымдар банкроттыққа бастама жасай алмайды, банкроттыққа бастама жасай алатындар тек қарыз алушылар болып табылады.

ТӨРАҒА. Депутат Бойчин Анатолий Васильевич.

БОЙЧИН А.В. Спасибо, уважаемый Ерулан Жаканович.

Уважаемый Ерулан Кенжебекович! Кредиторами по процедуре внесудебного банкротства признаются только финансовые организации и коллекторские агентства, перед которыми у должника имеется задолженность, не превышающая 1600-кратный размер месячного расчетного показателя, отсутствует имущество на праве собственности, а также не погашен кредит в течение 12 месяцев на дату подачи заявления.

По завершении процедуры внесудебного банкротства лицо признается банкротом и освобождается от обязательств перед кредиторами. Не прекращаются только обязательства по уплате алиментов, возмещению вреда, причиненного жизни и здоровью.

Норм об отношениях банкрота с другими лицами, перед которыми у него могут иметься обязательства, законопроект не содержит.

Ерулан Кенжебекович, в связи с этим у меня следующие вопросы:

1. Как будет регулироваться задолженность должника перед другими кредиторами, к примеру, перед налоговыми органами, коммунальными службами и так далее?
2. В отношении них он будет являться банкротом и обязан погашать долг? Если так, то к чему такие полумеры?

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Спасибо за вопросы, Анатолий Васильевич.

На самом деле законопроектом предусмотрено, что процедуру внесудебного банкротства граждане смогут применить исключительно перед банками, микрофинансовыми организациями и коллекторскими агентствами. Что касается долгов перед другими кредиторами, в частности, по коммунальным, налоговым платежам и другим долгам перед физическими лицами, то, естественно, внесудебное банкротство не предусмотрено. Тем не менее практика показывает, что по коммунальным платежам и налогам долги небольшие. Тем более, что у нас несколько раз была проведена налоговая амнистия. Практически сумма, если брать физических лиц, небольшая. Поэтому они вряд ли пойдут на судебное банкротство и будут рисковать своим жильем. Они обязаны платить.

В принципе, здесь предусмотрены хорошие механизмы по взысканию налоговой задолженности и задолженности по коммунальным платежам. Поэтому мы осознанно не предусматриваем банкротство по таким видам платежей.

ТӨРАҒА. Депутат Имашева Снежанна Валерьевна.

ИМАШЕВА С.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Жоғарғы Сот өкіліне.

Заң жобасына сәйкес төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот банкроттығы рәсімдерін сот жүзеге асыратын болады.

Егер болжамды деректерге сүйенсек, тек қаржы ұйымдарынан қарыз алған азаматтардың ішінен 31 мыңнан астам азамат банкрот болып табылуы мүмкін. Осыған орай сұрағым бар.

Соттардың жүктемесі көп деген мәселе қайта-қайта көтеріліп жатыр ғой. Егер мыңнан астам азамат бір мезгілде сотқа жүгінсе, сот өзінің жұмысын қалай жолға қояды? Судьялар осындай істерді қарауға дайын ба? Барлық істер бойынша қаржы басқарушысының қатысуы қамтамасыз етіле ме және олардың саны жеткілікті ме?

ЖҰМАҚСАНОВ Е.Ш. Сұрақтарыңызға рақмет.

Сот дайын. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын біз 2-2,5 мың осындай істі қараудамыз.

Конечно, практика у судебной системы наработана. Ежегодно мы рассматриваем около 2,5 тысячи таких дел о признании сделок недействительными. Практика наработана, суды готовы.

Вместе с тем мы запрашивали у Правительства, в том числе и у Министерства финансов, 202 дополнительные единицы (по-моему, 63 – первая инстанция, около 40 – апелляционная инстанция). К сожалению, нас не поддержали. Мы ожидаем увеличения количества исковых заявлений – около 32 тысяч исков ежегодно, что, конечно, даст для нас нагрузку.

Мы, в принципе, готовы рассматривать такие дела. Практика наработана. Спасибо.

ТӨРАҒА. Готовы или не готовы?

ЖҰМАСҚАНОВ Е.Ш. Готовы.

ТӨРАҒА. Депутат Өмірғали Ерлік Қайдарұлына беріледі.

ӨМІРҒАЛИ Е.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован представителю Агентства по регулированию и развитию финансового рынка.

Процедуру банкротства следует рассматривать как крайнюю меру снижения долгового бремени заемщиков, когда другие способы урегулирования проблемной задолженности не имели эффекта.

Надо иметь в виду, что банкротство – это результат проблемы. Поэтому, решая вопрос последствий, считаю необходимым минимизировать и их причины. Должен быть комплексный подход, так как закредитованность населения связана с безудержными

аппетитами банков и других финансовых организаций. Одной из мер депутаты предлагали запретить выдачу онлайн-займов.

Скажите, пожалуйста, как контролируется деятельность банков и микрофинансовых организаций, а также какие меры принимаются в отношении них по снижению закредитованности населения? Спасибо.

ӨБДРАХМАНОВ Н.А. Заместитель председателя Агентства по регулированию и развитию финансового рынка Абдрахманов Нурлан.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые депутаты! На законодательном уровне были приняты меры по ограничению роста проблемной задолженности. С 2022 года был введен запрет на начисление пени, штрафа, неустойки и вознаграждения по кредитам населения, просроченным на срок более 90 дней. Также в прошлом году был снижен размер переплаты по кредитам микрофинансовых организаций со 100 до 50 процентов.

Кроме того, в октябре прошлого года был введен единый досудебный порядок урегулирования проблемной задолженности по кредитам населения.

С учетом принятых мер в настоящее время банками и микрофинансовыми организациями проводится работа по снижению уровня проблемных кредитов. За девять месяцев этого года они реструктурировали просроченные обязательства 383 тысяч заемщиков.

Помимо этого, агентством были ужесточены требования по соблюдению коэффициента долговой нагрузки, а также повышены коэффициенты риск-взвешивания по потребительским кредитам. В совокупности эти меры позволили ограничить выдачу кредитов неплатежеспособным заемщикам.

Также хотел бы отметить, что сейчас наблюдается активный рост кредитов населения в сегменте онлайн-микрокредитования. В этой связи агентством были приняты дополнительные регуляторные меры по ужесточению микрофинансовой деятельности.

Первое. Требование по расчету коэффициента долговой нагрузки распространено на все кредиты, в том числе на кредиты менее одной минимальной заработной платы.

Второе. Были повышены требования по коэффициенту достаточности капитала, в том числе введен максимальный лимит просроченных кредитов населения на уровне 20 процентов. Превышение данного лимита является основанием для отзыва лицензии на микрофинансовую деятельность.

Третье. Были снижены предельные ставки вознаграждения по микрокредитам до 20 процентов, а также введена предельная ежедневная ставка на уровне 1 процента.

ТӨРАҒА. Депутат Ертаев Сырым Махамбетұлы.

ЕРТАЕВ С.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкіліне.

Заң жобасының 3-бабының 6-тармағына сәйкес соттан тыс банкроттық рәсім туралы өтініш «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы немесе Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы беріледі. Ол үшін ақпараттық жүйе мемлекеттік

органдар мен екінші деңгейдегі банктердің көптеген ақпараттық жүйелерімен интеграциялануы және ақпараттық платформа құрылуы тиіс. Проблемасы бар қарыз алушылардың негізгі үлесі дәл осы рәсімді пайдаланады, бұл шамамен бір миллионға жуық азамат.

Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Сіздер ақпараттық платформаның уақытылы енгізілуін қамтамасыз ете аласыздар ма? Оны әзірлеу және мемлекеттік органдар мен екінші деңгейдегі банктердің дерекқорларымен интеграциялау қандай кезеңде?

Егер осы бағдарлама дайын болмаса, оны іске асыруға қанша уақыт қажет? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Осы заң жобасының негізгі мәселелерінің бірі ақпараттық жүйелерге келіп тірелуде. Заңды қабылдау бар да, оны жүзеге асыру бар. Оны мойындау керек. Бұл жерде әлі де біраз жұмыс істеуіміз керек. Негізгі ақпарат көзі Ұлттық Банктегі Бірінші кредиттік бюро, борышкерлер туралы ақпарат сол жерде қалыптасқан. Мемлекеттік кірістер комитетінің өз базасы бар. Өкілеттік орган Мемлекеттік кірістер комитеті болғаннан кейін барлық интеграция осы орган арқылы жүргізіледі. Сондықтан біздің мақсат – тек Бірінші кредиттік бюромен интеграциялау ғана емес, 29-ға жуық мемлекеттік органның ақпараттық жүйесімен интеграцияны жүзеге асыру. Әрине, бұл өте күрделі жұмыс, дегенмен бірінші тоқсанның ішінде тиісті ақпараттық жүйедегі жұмыс та, банкроттыққа өтінішті автоматты түрде қабылдау да толығымен жүргізілетін болады.

ТӨРАҒА. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі өкілінің микрофонын қосыңыздар.

ТҰРЫСОВ Ә.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы, рақмет.

Құрметті Сырым Махамбетұлы, сұрағыңызға рақмет.

Ерлан Кенжебекұлы айтып кеткендей, 29 ақпараттық жүйемен ықпалдастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Бірінші тоқсанда барлық жұмыстар жүргізілетін болады.

ТӨРАҒА. Депутат Симонов Сергей Анатольевич.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Ерулан Кенжебекович! Согласно законопроекту одним из этапов процедуры банкротства является прохождение курсов финансовой грамотности. Обучение будет иметь бесплатный характер для граждан, но оно предусмотрено только на этапе завершения процедуры банкротства.

Данная мера направлена на обучение финансовой грамотности, предоставление заемщикам возможности воспользоваться всеми имеющимися механизмами урегулирования проблемного долга и оценку последствий возможных ограничений после банкротства.

В этой связи, Ерулан Кенжебекович, насколько эффективно и целесообразно, признав гражданина банкротом и запретив ему в течение пяти лет получать кредиты, обучать его финансовой грамотности за счет государства?

Как Вы считаете, может быть, для лучшей эффективности курсы повышения финансовой грамотности необходимо проводить до подачи заявления о применении процедуры банкротства?

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Да, на самом деле я считаю необходимым и целесообразным проводить курсы повышения финансовой грамотности не после проведения процедуры проведения банкротства, а во время подачи заявления. В законопроекте мы это учли. То есть после того, как гражданином будет подано заявление на банкротство, будут проведены точечные курсы по повышению финансовой грамотности по отношению к данному гражданину. Это, в принципе, целесообразно.

Я считаю, что работу по повышению финансовой грамотности надо поставить на системную основу, поскольку, как мы замечаем, многие студенты, поступив на первый курс, сразу получают кредиты на гаджеты, телефоны и так далее. С этого момента у них начинаются правоотношения с банками, микрофинансовыми организациями и коллекторами. Поэтому финансовую грамотность необходимо прививать либо со школьной скамьи, либо с первого курса. Это уже базовая необходимость, поскольку мы сейчас боремся с последствиями.

В законопроекте мы учли, что во время подачи заявления будут проводиться точечные курсы.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, депутат Симонов. Второй раз.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, Ерлан Жаканович.

Ерулан Кенжебекович, все-таки вопрос касается того, чтобы проводить курсы повышения финансовой грамотности до подачи заявления. Если человек не платит уже 12 месяцев и, в принципе, подходит к процедуре банкротства, может быть, обучившись финансовой грамотности, он воспользуется возможностью пройти процедуры восстановления платежеспособности, не подводя себя под банкротство, чтобы не иметь пяти лет ограничений. Вот в этом плане вопрос. Может быть, обучившись финансовой грамотности, он воспользуется процедурой восстановления своей платежеспособности и уйдет от процедур банкротства.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. В принципе, я согласен, до момента подачи заявления можно организовать. У нас с Агентством по регулированию и развитию финансового рынка есть договоренность. Если будет необходимо, мы предусмотрим финансовые средства, но соответствующие контент, ролики и понимание уже есть.

ТӨРАҒА. Депутат Үйсiмбаев Асқарбек Сьезбекұлы.

ҮЙСІМБАЕВ А.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің баяндамашыға және Әділет министрлігінің өкіліне сұрағым бар.

Егер азамат банкрот деп танылса, заңнамаға сәйкес ол өз міндеттемелерінен босатылады, яғни оның қарыздары кешіріледі.

Аталған жағдай міндеттемелерді орындаудан теріс ниетпен жалтару, мүлікті жасыру тәуекелдеріне және борышкер тарапынан басқа да әрекеттерге алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде түрлі «помагайкалар» қарыздарды есептен шығаруға жәрдемдесу бойынша өздерінің ақылы қызметтерін ұсынады. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Заңнамада мұндай әрекеттер үшін жауаптылық көзделген бе? Әдейі банкроттық үшін борышкерлерді кім тексереді? Бұл жағдайда борышкер үшін салдары қандай болады? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Осы заң жобасын әзірлеген кезде біз ол жағын да ескердік. Қылмыстық кодексте алаяқтық туралы арнайы бап бар, егер ол алаяқтықпен азаматтарды алдайтын болса, жаңа сіз айтқан «помагайкалар», әрине, Қылмыстық кодекспен жазаға тартылатын болады. Мемлекеттік кірістер комитеті банкроттыққа ұшыраған адамның жағдайына мониторинг жүргізіп отырады. Оған біздің мүмкіндігіміз бар, себебі жалпыға бірдей декларация жүріп жатыр, сол жердегі ақпарат көздерінен, басқа да ақпарат көздерінен біліп отырамыз. Егер қандай да бір жалтару болса, өтірік төлемей кеткен жағдай болса немесе арзанға сатып кеткен жағдайлар болса, оның бәрін анықтап әшкерелейтін боламыз.

ТӨРАҒА. Әділет министрлігінің өкілі.

МҰҚАНОВА А.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Алаяқтық жасағаны үшін Қылмыстық кодексте тиісті жауапкершілік қарастырылған. Сонымен қатар осы заң жобамен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске де бірқатар өзгерістер көзделген. Мысалы, қасақана банкроттық, мүліктік немесе материалдық құндылықтарды жасырғаны үшін адамдарға да және де қаржы басқарушысына да жауапкершіліктер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Саиров Ерлан Бияхметұлы.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашы Ерұлан Кенжебекұлына. Сұрағым банкке қарыз азаматтардың жалғыз баспанасы жөнінде.

Ерұлан Кенжебекұлы, жаңа сіз баяндамаңыздың бірінші тезисінде «егер қарызгердің үйі банкте кепілде болса, ол үйі алынады», ал екінші тезисіңізде «егер жалғыз үйі болса, оған ешкім тиіспейді» дегенді айттыңыз.

Меніңше, бұл мәселені солқылдатып қоюға болмайды. Негізі азаматтардың күтіп отырғаны осы мәселе. Өйткені үй ол адамның ең соңғы тұрағы, үйсіз ол бейбақ адамға айналып кетеді. Заң жобасын әзірлеген кезде банктердің бір лоббиі бар тәрізді.

Осы мәселеге байланысты бұл заңды бүкіл халық күтіп отыр. Яғни, біз азаматтардың жалғыз баспанасы бойынша мәселені шешуіміз керек. Жалғыз баспанасын банктерге кепілге бермеу керек.

Осы мәселені қалай шешеміз? Соған жауап беріңізші. Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Жаңа айтып кеттім, қандай үй болса да, банкпен жасалған шартта көрсетілгендей ол үй банкте кепілде тұрады, сондықтан ол сатылатын массаға кіреді. Егер жалғыз үй банкке кепілге берілмесе, біз оны сатуға қоюға қарсымыз. Ол осы заң жобасында нақты көрсетілген. Жалпы, жеке үйін кепілге қоя ма, қоймай ма, ол әр адамның құқығы. Бұл жерде басқаша аспектіде жұмыс жүргізу керек. Дегенмен заң жобасында нақты көрсетілген, егер ол кепілге қоймаса, оны алып қоюға ешкімнің құқығы да, мүмкіндігі де жоқ. Ол бойынша прокуратураның да, Жоғарғы Соттың да позицияларын білдік, олар да үзілді-кесілді қарсы. Яғни, азаматтың жеке үйін, әсіресе ол жалғыз баспана болса, оны заң аясында толық қорғау қарастырылған.

ТӨРАҒА. Депутат Саиров. Екінші рет.

САИРОВ Е.Б. Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы, бұл мәселені, менің ойымша, өте терең қарау керек. Өйткені заң жобасының идеологиясы бұрынғы сарын, яғни банктердің жауапкершілігін азайтып, керісінше азаматтардың жауапкершілігін қатайтып отыр. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша барлығымызға нақты тапсырма берген болатын. Сондықтан бұл мәселені тереңірек жан-жақты қарастыруымыз керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Екінші оқылымға дейін, Ерлан Бияхметұлы, Үкіметпен бірге тереңірек әрі жан-жақты қараңыз. Көтеріп отырғаныңыз өте маңызды мәселе. Ол осы заң жобасындағы ең негізгі мәселенің бірі. Сондықтан екінші оқылымға дейін оны қарау керек.

Депутат Сартбаев Бауыржан Мейрамбекұлы.

САРТБАЕВ Б.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ерұлан Кенжебекұлына.

Жаңа қаржылық сауаттылық туралы айтылды. Негізі оны мектеп жасынан бастау керек. Сіздер қаржылық сауаттылықты мектептен бастау туралы ұсынысты Оқу-ағарту министрлігіне бере аласыздар ма? Оны ерте жастан бастау керек. Адам ондай дәрежеге жеткеннен кейін ол кеш болады.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Дұрыс айтасыз, бұл қоғам үшін үлкен мәселе болып отыр. Қаржылық сауатсыздықтың кесірінен көп адамдар осындай жағдайға ұшырауда. Біз соның салдарымен күресіп жатырмыз. Әрине, мен екі министрдің алдына осы мәселені қоюға дайынмын.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Ерұлан Кенжебекұлы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы депутат Еспаева Дания Мәдиқызына беріледі.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілді.

Заң жобаларының негізгі мақсаттары Қазақстан азаматтарының төлем қабілетсіздігіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Заң жобасында борышкердің өз төлем қабілеттілігін әртүрлі құралдар, оның ішінде соттан тыс банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот банкроттығы рәсімдері арқылы қалпына келтіру мүмкіндігі көзделген.

Заң жобаларының негізгі ережелері туралы баяндамашы айтып өтті, сондықтан мен жүргізілген жұмыстарға тоқталамын.

Жұмыс тобына 200-ден астам ұсыныс келіп түсті, олар мүдделі министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ бірқатар үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының он төрт отырысында, сонымен қатар Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында қаралды. Заң жобасының концептуалдық ережелерін жанжақты талқылау мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қаржы және бюджет комитеті аталған Қазақстан Республикасының заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдауды мүмкін деп санайды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дания Мәдиқызы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемые коллеги! Проблема закредитованности наших граждан не раз поднималась Главой государства Касым-Жомартом Кемелевичем Токаевым. Помимо конкретного поручения разработать соответствующий закон, эти вопросы были в центре внимания Президента и в Послании народу Казахстана, и на встречах с жителями регионов, а также на недавнем заседании Правительства.

Для сокращения долговой нагрузки граждан государство принимает ряд шагов и обсуждаемые сегодня законопроекты – один из них. Наше общество ждет данных законопроектов, потому что они ориентированы прежде всего на оказание помощи проблемным должникам.

Законодательные нормы прошли этапы публичного обсуждения и рассмотрения в рабочей группе при Правительстве с участием заинтересованных сторон, в том числе представителей государственных органов, финансовых организаций, политических партий и общественных объединений.

Обсуждение наиболее дискуссионных норм продолжилось и в Мажилисе, были заслушаны различные мнения и аргументы, в том числе касающиеся срока неисполнения обязательств для применения процедуры банкротства, интегрированной базы данных государственных органов и банков, рисков мошенничества со стороны недобросовестных заемщиков, а также последствий принятия законопроекта для банковского сектора.

Нормы законопроектов направлены, с одной стороны, на то, чтобы наши граждане могли выправить свое финансовое положение, а с другой – на защиту от ухода недобросовестных должников от исполнения своих обязательств перед кредиторами.

Следует понимать, что банкротство – это не панацея от всех финансовых проблем. Возможность банкротства не должна стать лазейкой для тех, кто попросту не хочет возвращать долги, и тем самым вызвать рост иждивенческих настроений у граждан.

В связи с этим предусматривается административная ответственность за преднамеренное обращение о применении процедуры банкротства в целях ухода от исполнения своих обязательств перед кредиторами, а также за предоставление ложной информации или сокрытие имущества.

Процедура банкротства должна стать избирательным механизмом, благодаря которому человек должен не просто освободиться от своих кредитов, а получить шанс начать новую жизнь. При этом человек должен помнить, что в случае применения процедуры банкротства вступает в силу ряд ограничений, в том числе ограничение на получение займов и кредитов в течение пяти лет, повторное применение банкротства возможно только через семь лет, а также ограничение на выезд за рубеж.

Иными словами, банкротство – это не кредитная амнистия, а вынужденная процедура, цель которой – помочь гражданам восстановить свою платежеспособность, а это, в свою очередь, будет способствовать недопущению социальной напряженности и оздоровлению экономики страны в целом.

Уважаемые коллеги, я предлагаю поддержать данные законопроекты.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Уважаемые коллеги! Я хотел бы напомнить предысторию данного вопроса.

Впервые предложение о разработке специального Закона «О банкротстве физических лиц» было предложено фракцией «Ак жол» в 2013 году. С тех пор мы

ежегодно повторяли это требование, а Правительство под разными предложениями отказывало, пока Президент в прошлом году не поставил четкую и однозначную задачу – принять данный законопроект.

Мы даже дважды разрабатывали и вносили свои законопроекты, но Правительство блокировало и их.

Основным содержанием наших требований является именно фиксация социальных гарантий для людей, которые оказались по объективным причинам не в состоянии закрывать кредиты. К сожалению, наша страна прошла через ряд потрясений экономических кризисов, когда люди теряли работу, источники для существования и были вынуждены оказаться в такой ситуации, когда не могли закрывать кредиты. И что делали тогда наши банки? Они людей выбрасывали на улицу, делали их бомжами!

Нельзя допускать, чтобы в современном XXI веке и цивилизованном государстве людей, имеющих работу, детей и семьи, делали бомжами. Это наши граждане. Мы, как государство, отвечаем за них. Именно на это делался упор в наших законопроектах.

Данный законопроект, который мы сегодня рассматриваем, был разработан в том числе с участием партии «Ақ жол». Более того, мы свой законопроект объединили с этим законопроектом. Многие вопросы были учтены.

Мне кажется, сегодня в обсуждениях мы уходим в процедурные моменты. Досудебное, внесудебное – это все второстепенно. Главное – позволим ли мы дальше делать наших граждан бомжами? Мы считаем, что этого допускать ни в коем случае нельзя, данное наше требование остается.

О чем речь? Когда говорят, что коснется только ипотеки, это неправда! Президент ставит задачу – развивать массовое предпринимательство. Я напомним тем, кто занимался бизнесом. Как мы начинали свое первое дело? Ставили в залог квартиру, дом. Если сейчас мы не защитим таким образом права граждан на единственное жилье, то потеряем не только ипотечников, но и потенциальных предпринимателей.

В Гражданском кодексе раньше была норма о запрете изъятия единственного жилья. Именно с изъятием этой нормы под давлением лобби банков появилась эта проблема. Мы настаиваем на ее рассмотрении именно в рамках этого законопроекта.

Я напомним резонанс в прошлом году, когда преступник расстрелял пять судебных исполнителей и полицейских, которые пришли на изъятие его единственного дома. Женщина выбросила из многоэтажки своих детей, потому что оставалась на улице из-за этих кредитов. Ну сколько мы будем до этого доводить?! Давайте уже поставим точку в этом споре.

Более того, в прошлом году в рамках Закона «О банках и банковской деятельности» нам удалось внедрить одну очень важную норму, что в случае покрытия порядка 90 процентов кредита есть возможность перезалога. Давайте эту норму применим и в данном случае, но с более мягкими условиями. В случае, если по ипотеке или бизнес-кредиту человек закрыл хотя бы половину кредита, давайте не лишать его единственного жилья или, если уж и лишать его жилья, хотя бы тогда предоставьте социальное жилье для него! Да, это будет нагрузка для банков, но у нас банки освобождены от НДС. У нас банки получают массу других видов поддержки от государства. Поэтому мы думаем, что есть возможности для решения этого вопроса.

Вторая сторона, о чем наш коллега Өмірғали уже говорил. Как доводят людей до такой ситуации? В чем причина? Это завышенные проценты по кредитам, неадекватные проценты по кредитам. Национальный Банк, куда вы смотрите?! Каждый месяц завышаете базовую процентную ставку. Сколько можно задирать уже?! Вы не понимаете, до чего доводите людей и предпринимателей?!

Я предлагаю данный законопроект рассматривать вкупе с этими вещами – и с защитой единственного жилья, и с адекватной политикой Национального Банка по отношению к процентным ставкам. Хватит, наверное, уже работать чисто на коммерческие банки! Давайте о государстве думать! Давайте о своем обществе думать!

Мы поддерживаем данный законопроект, поскольку он учел многие вещи, которые мы ставили, но вот эти проблемы остаются, поэтому предлагаем их доработать в рамках второго чтения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсыныстар мен қаулыларға дауыс беруге көшейік.

Бірінші кезекте «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 85, «дауыс бермегендер» – 3. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 88. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 86. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасына дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіледі.

Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуы туралы өтпелі ережелерге сәйкес Қырғыз Республикасының одақтың кедендік шекарасындағы барлық өткізу пункттерін 24 ай ішінде жайғастыруды және материалдық-техникалық жарактандыруды қамтамасыз етуге өзіне міндеттеме алған болатын.

Қырғыз тарапы аталған мерзімде үлгермеді. Осыған байланысты мемлекеттердің басшылары 2018 жылғы 14 мамырда «24 айдан» «48 айға», яғни 2019 жылғы 12 тамызға дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойған болатын.

Алайда көрсетілген мерзім де қырғыз тарапы үшін жеткіліксіз болды. 2019 жылғы 29 мамырда мемлекет басшылары Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысы шеңберінде «48 айдан» «72 айға» дейін, яғни 2021 жылғы 12 тамызға дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойған болатын.

Бүгінгі күні қырғыз тарапы бұл мерзімді де белгілі себептермен орындай алмаймыз деп отыр. Осыған байланысты 2022 жылғы 19 сәуірде «72 айдан» «96 айға», яғни 2023 жылғы 12 тамызға дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойылған болатын.

Осы «72 айдан» «96 айға» дейінгі хаттаманы ратификациялау еліміз үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқпайды және республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді.

Құрметті депутаттар, осы хаттаманы ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Ержан Құдайберген Төлепұлы.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы, сіз мерзімдері туралы айтып кеттіңіз, тағы екі жылға созылуда. 19 сәуірде қол қойылып, ағымдағы жылы 31 қазанда Парламентке келіп түскен. Осы хаттама ратификацияланса, хаттама бойынша Қырғызстан өз міндеттемелерін орындау үшін шамамен сегіз ай уақыт қалады. Осы қысқа мерзім ішінде Қырғызстан тарапы өздеріне қойылған талаптарды орындап үлгере ме, үлгермей ме? Бұдан кейін тағы уақыт созуға сұраныс бола ма, жоқ, осы тірліктер айтылған мерзімдерде орындала ма?

Ерлан Жақанұлы, Өзбекстанмен шекарадағы Майский өткелінде (Қазығұрт өткелі) машиналардың кезегі 15 километр, өйткені Қапланбек кеден бекеті қазір жөндеуде, ал Майский өткелінің өткізу қабілеті өте төмен. Меніңше, алдымен осындай өткізу қабілеті төмен кедендерді жөндеп алып, содан кейін халықаралық маңызы бар кеден бекеттерін жөндеген дұрыс еді.

Мақтаарал ауданындағы ауылдың ішінде көліктер кезекте тұр, арасында балалар ойнап жүр, оған ата-аналар қауіптеніп отыр. Осы мәселелерге қалай қарайсыздар? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет, Құдайберген Төлепұлы.

Ратификациялау мерзімінің ұзарып кетуі бойынша. Шынында да, ратификациялау мерзімін ұзарту бойынша төртінші рет ұсыныс жасалды. Бұл жерде Қырғыз тарапы мен Ресей тарапы келіскен болатын, яғни Ресей тарапы Қырғыз тарапына қаражат бөліп, 14 өткізу пунктін жөндеуден өткізу керек болатын. Оның 12-сі жөнделіп бітті, енді екеуі қалды. Расында да, жыр болып кетті, 2020 жылы пандемия болды, Ресейдегі жағдайды өздеріңіз білесіздер, одан кейін Қырғызстан мен Тәжікстанның арасындағы бір пункт жазда болған оқиғалардың салдарынан қирады. Сондай себеппен мерзімі созылып кетті. Жасыратыны жоқ, біздің мәліметіміз бойынша, тағы мерзімін созуы мүмкін, себебі олар үлгермей жатыр. Дегенмен бұл келісімшартқа барлық мемлекет басшылары қол қойғаннан кейін рәсім бойынша біз ратификациядан өткізуіміз керек.

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті тарапынан жұмыстар жүргізілуде. Өздеріңіз білесіздер, Қытай мен Өзбекстан арасындағы 10 өткізу пункті олар нағыз кеден пункттері, ал Қырғызстан мен біздің елдің арасында кеден жоқ, бұл жай ғана өткізу пункттері.

Жаңа өзіңіз айтып отырған Қапыланбектің арғы жағындағы Қонысбаевты біз толық жөндеуден өткіздік, қазір оның өткізу мүмкіндігі сегіз есеге артты. Енді Қапыланбекті жаптық, ол өзбек тарапымен келісілген мәселе. Біз оны модернизациядан өткізбесек, онда ол қирайды, өйткені ол жерде инспекциялық-тексеру кешендері жұмыс істемейді, мүмкіндіктері жоқ, жолдары тар. Біз оны кезең-кезеңімен жөндемесек, онда салдары одан

да қиын болады. Біз ол жаққа арнайы топ жібердік, ол өткізу пункттерінде кептеліс болмас үшін жағдайдың бәрін жасап жатырмыз. Қар жауды, одан кейін тайғақ болды да көп машиналар дер кезінде өте алмай қалды. Модернизация жасау үшін оған тиісті адамдар жіберілді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Ожаев Нұрлыбек Жұмахметұлы.

ОЖАЕВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы Қырғызстанның өткізу пункттерін жаңғырту мерзімі бұған дейін екі рет ұзартылған екен. 2020 жылы Мәжіліс қабырғасында сіз, Ерұлан Кенжебекұлы, негізгі шарттың талаптарына сәйкес жаңғырту жұмыстары мерзімінде аяқталады деп сеніммен айтқан екенсіз. Осыған байланысты сұрағым бар.

Жұмыстардың әлі де аяқталмағаны және әлсін-әлсін мерзімдерінің де жиі ұзартылатындығы еліміз үшін қандай тәуекелдер әкелуі мүмкін? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет.

Дұрыс айтасыз, бұл төртінші рет ұсынылып отыр, мерзіміне өзгеріс енгізіп отырмыз. Мен 2020 жылы да алдарыңызға келгенмін, ол кезде біз Ресей тарапымен, Қырғыз тарапымен келіссөз жүргізгенбіз, олар жақын арада бітіреміз деген болатын. Себептерін жаңа айтып өттім. Дегенмен бізге ешқандай кері салдары, кері әсері болмайды, себебі модернизацияланатыны Тәжікстан мен Қырғызстан шекарасындағы және Қытай мен Қырғызстан шекарасындағы пункттер, яғни Қазақстан мен Қырғызстан шекарасындағы пункте қатысы жоқ. Сондықтан бұның бізге зияны жоқ, керісінше, олардың тезірек іске кіріскені, яғни модернизациядан өткені бізге тиімді. Ол контрабанданың азаюына және өтірік транзиттің өтпеуіне жол береді, өйткені қазір тауарлардың біраз ағыны Қытайдан Қырғызстанға кетіп жатыр. Олар тезірек модернизациядан өтіп, заманауи қондырғыларды қойса, біздің де көңіліміз тыныш болар еді.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Ерұлан Кенжебекұлы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Құлшар Мәлік Иманқұлұлына беріледі.

ҚҰЛШАР М.И. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Қаралып отырған заң жобасы Парламент Мәжілісіне Үкіметтің 2022 жылғы 31 қазандағы №856 қаулысымен енгізілді.

Министр өз баяндамасында заң жобасының негізгі тұстарына тоқталып өтті.

Аталған хаттама 2022 жылғы 19 сәуірде Мәскеуде жасалған.

Хаттамамен Қырғыз Республикасы үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерін жаңғыртуды жүргізу мерзімін Еуразиялық

экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін талаптарына сәйкес Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуы туралы шарт күшіне енген күннен бастап, яғни 2015 жылғы 12 тамыздан бастап 72 айдан 96 айға дейін ұзарту ұсынылады.

Осыған дейін де Қырғыз Республикасы кедендік шекарасындағы өткізу пункттерін жаңғырту мерзімі екі рет – 2018 жылы және 2019 жылы ұзартылған.

Заң жобасы бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен жұмыс тобының бір отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасына оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті аталған заң жобасын мақұлдауды ұсынуға болады деп есептейді.

Заң жобасы бойынша комитеттің қорытындысы сіздердің қолдарыңызда бар.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мәлік Иманқұлұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Төлепберген Мейрамбек Мылтықбайұлына беріледі.

ТӨЛЕПБЕРГЕН М.М. Құрметті Төраға! Қадірлі әріптестер! Қарастырылып отырған хаттаманың негізгі мақсаты айқын. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы Қырғызстанның өткізу пункттерін жаңғырту мерзімін Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуы туралы шарт күшіне енген күннен бастап, яғни 2015 жылғы 12 тамыздан бастап 72 айдан 96 айға дейін ұзарту ұсынылады.

2020 жылы Парламент белгіленген мерзімдерді қайта қарау мақсатында ұқсас хаттамаларды ратификациялау туралы заңдарды екі рет қараған.

Сонымен бірге Қазақстан 2017 жылы «Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында экономикалық ынтымақтастықты дамыту туралы» келісім шеңберінде Қырғызстанға Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекараларын контрабанданың, контрафактінің, сапасыз заттардың, қарудың және басқа да тыйым салынған заттардың түсуінен қорғау үшін Қырғыз Республикасының сыртқы шекараларында олардың өткізу пункттерін жайластыру және материалдық-техникалық жарақтандыру үшін 100 миллион долларға көмек көрсетуге ниетті болғанын атап өту қажет. Алайда Қырғыз тарапы осы мәселе бойынша Қазақстан тарапынан қаржылық және техникалық жәрдем көрсетуден бас тартып, тиісті халықаралық шарттардың күшін жойды.

Сонымен қатар Қырғызстанға бұл мәселеде Ресей Федерациясы қосымша қаржылық және техникалық көмек көрсетеді. Сондықтан хаттама тармағын іске асыру мерзімін бірнеше рет ұзарту қаржылық жеткіліксіздігіне байланысты емес деп болжауға болады.

Заң жобасын әзірлеушінің түсіндірмесінен бұл жолы Қырғыз тарапының өткізу пункттерін жаңғырту мерзімін ұзартудың негізгі себептерінің бірі «ковидтік» шектеулерге байланысты туындаған қиындық болып отыр.

Біздің серіктестеріміз барлық қажетті жұмыстарды қарастырылып отырған хаттамада белгіленген мерзімде жүргізуге үлгереді деп үміттенеміз.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы заң жобасын қолдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 86, «қалыс қалғандар» – 1. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Елюбаев Мәди Сағынтайұлына беріледі.

ЕЛЮБАЕВ М.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарап шығып, төмендегіні атап өтеді.

Заң жобасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған және сыбайлас жемқорлық көріністерінің жүйелі түрде алдын алу жөніндегі нормаларды көздейді.

Заң жобасының негізгі бағыттары:

мемлекеттік қызметшілердің, оларға теңестірілген адамдардың, жұбайларының (зайыптарының) шығыстары мен кірістерінің сәйкестігін бақылау;

сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесін қалыптастыру;

құқық қолдану практикасында туындаған құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды жою.

Жұмыс тобы шеңберінде заң жобасын талқылау кезінде депутаттар бірқатар маңызды түзетулер енгізді.

Мемлекеттік қорғауға жататын адамдарға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария еткені үшін қылмыстық жауаптылықты белгілеу туралы норма нақтыланды.

Үшінші тұлғалардың қорғалатын адамдарға қатысты қауіпсіздік шараларын қолдану туралы ақпарат алу мүмкіндігін болғызбау мақсатында осындай шараларды қолдану туралы қаулыны жіберу жөніндегі норма өзгертілді.

Қорғалатын адам шарт жасасудан бас тартқан немесе шарт талаптарын орындамаған жағдайда қауіпсіздік шараларын жүзеге асыратын органның жеке қауіпсіздік шараларының күшін жою туралы құзыреті айқындалды.

Еңбек кодексінде жұмыскердің жұмыс берушімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу құқығын бекіту ұсынылды.

Сонымен қатар депутаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін жұмыскер тарапы болып табылатын жеке еңбек дауын қараудың толық тәртібін регламенттейтін норманы ұсынды.

Еңбек кодексі жұмыскердің шығыстары оның кірістеріне сәйкес келмеген жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу үшін негізбен толықтырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде бос лауазымға орналасуға үміткердің мемлекеттік қызметке теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты міндетін бекіту, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органнан анықтама беру ұсынылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде мемлекеттік қызметке теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты қызметті жүзеге асыратын адамдар үшін кәсіпкерлік және өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салуды енгізу жөнінде түзету жасалды.

Сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқару органдарында жақын туыстарының, жұбайларының (зайыптарының) және жекжаттарының лауазымдарға орналасуына тыйым салу ұсынылды.

Бұдан басқа заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша құқықтық олқылықтарды болғызбау, заң жобасының нормаларын бір-біріне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкестендіру мақсатында редакциялық, нақтылаушы сипаттағы түзетулер енгізілді.

Салыстырма кестедегі барлық позициялар қабылданды. Қабылданбаған түзетулер жоқ.

Осы айтылғандарды ескере отырып, комитет заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 88. Шешім қабылданды.

Енді қаулының жобасына дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 88. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, Регламент бойынша үзіліске шығатын уақыт болды. Үзіліссіз жалғастырамыз ба?

ОРНЫНАН. Жалғастырайық.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Соңғы екі мәселе «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» негізгі және оған ілеспе заң жобаларына Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты енгізген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде.

Бұл мәселелер бойынша сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып жатқан заң жобаларын Парламент Мәжілісі 2022 жылғы 26 қазанда мақұлдады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты енгізген өзгерістер мен толықтырулар Мәжіліс мақұлдаған заң жобасының тұжырымдамасын өзгертпейді және мазмұнын нашарлатпайды.

Түзетулер жекелеген мемлекеттік органдардың оларға жүктелген жауынгерлік және жедел-қызметтік міндеттерді шешу үшін қаруды әкету ерекшеліктерін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттіктерін нақтылауды көздейді.

Түзетулер Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметін құруға байланысты нормаларды алып тастауды көздейді.

Осыған орай Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты енгізген өзгерістермен келісуді ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, қандай пікірлер болады? Келісеміз бе?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Онда заң жобаларының қаулыларына жеке-жеке дауыс берейік.

«Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты енгізген өзгерістер мен толықтырулар жөніндегі қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты енгізген өзгеріс пен толықтыру жөніндегі қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, сонымен күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз.

Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой запрос адресован Премьер-Министру, Председателю Национального Банка и Председателю Высшей аудиторской палаты Казахстана.

«Выступая на расширенном заседании Правительства, Глава государства указал на низкую инвестиционную доходность Национального фонда и неэффективность его управления Национальным Банком.

Помимо Национального фонда, в управлении Национального Банка также находятся активы ЕНПФ, которые превышают 14 триллионов тенге, и результаты управления пенсионными активами еще более печальны.

После моего депутатского запроса ЕНПФ опубликовал пресс-релиз о том, что с 2014 года накопленная доходность пенсионных активов составила 119,5 процента при инфляции 115,2 процента. И это преподносится как достижение и успех.

Для понимания абсурдности этих доводов напомним, что с 2014 года курс доллара по отношению к тенге вырос в три раза. Проще говоря, вложившись просто в валюту, можно было заработать в три раза больше, чем ЕНПФ.

За последние двенадцать месяцев доходность ЕНПФ не превышает 6 процентов. При этом продовольственная инфляция за тот же период, как отметил Президент, превысила 24 процента.

На сегодняшний день граждане теряют с ЕНПФ, нежели зарабатывают.

Считаю, что вопиющая неэффективность и непрозрачность ЕНПФ требуют проведения отдельных парламентских слушаний, но для этого новой Высшей аудиторской палате необходимо провести срочный независимый аудит расходов ЕНПФ, а также ревизию активов и инвестиционного портфеля.

На фоне своей неэффективности ЕНПФ всячески сопротивляется тому, чтобы граждане могли использовать свои пенсионные накопления.

В прошлом году ЕНПФ пролоббировал неадекватное повышение порогов достаточности пенсионных накоплений в среднем от 64 до 83 процентов.

23 ноября текущего года я просил Правительство и ЕНПФ пересчитать и снизить пороги, чтобы тысячи граждан в это тяжелое время снова смогли использовать свои

пенсионные накопления, а 29 ноября ЕНПФ опубликовал новые пороги достаточности на 2023 год, которые выше текущих на 4-8 процентов! То есть своим решением ЕНПФ полностью обнулил самую популярную за последние годы экономическую реформу.

Нам уже не следует ожидать, что ЕНПФ решит наши проблемы. Похоже, ЕНПФ и есть наша основная проблема.

Глава государства также обратил внимание на проблему закредитованности населения. По данным Агентства по регулированию и развитию финансового рынка до 1,5 миллиона казахстанцев не могут обслуживать свои кредиты. В то же самое время пенсионные накопления обесцениваются и лежат мертвым грузом.

Считаю, что в качестве социальной меры возможно предоставить гражданам право использовать свои накопления на:

- погашение любых кредитов;
- оплату лечения;
- оплату долгов по коммунальным услугам;
- обучение детей;

другие жизненные важные потребности в размере до 30 процентов от пенсионных накоплений, но не более 1 миллиона тенге.

Эти вливания незначительно повлияют на инфляцию, поскольку будут целевыми. Например, если говорить о погашении кредитов, то эти деньги уже давно потрачены.

Такое решение станет для людей хорошей поддержкой. По предварительным оценкам на это уйдет примерно 3,5 триллиона тенге. Совет по экономике при партии «AMANAT» готов предоставить соответствующие расчеты.

Также на расширенном заседании Правительства Президент страны поручил расширить права вкладчиков ЕНПФ по передаче до 50 процентов своих пенсионных накоплений в частное управление. Это давно ожидаемое в обществе решение. Именно отсутствие здоровой конкуренции привело к появлению в Казахстане «второсортного» ЕНПФ. Но в данном случае надо быть весьма осторожными. Пенсионные деньги – это специфические деньги. Их основное назначение – социальная защита населения в старости, и чтобы конкуренция не нанесла вреда их назначению, она должна осуществляться строго в границах установленных правил. И основная задача теперь у Правительства, Национального Банка и Агентства по регулированию и развитию финансового рынка – разработать эти правила.

Прошу Правительство предоставить подробную информацию по этому вопросу.

В заключение хочу заверить казахстанцев, что фракция партии «AMANAT» будет внимательно контролировать исполнение этого важного поручения Президента.

Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан, член фракции партии «AMANAT» А. Жамалов». Спасибо.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Сөз депутат Магеррамов Магеррам Мамедовичке беріледі.

МАГЕРРАМОВ М.М. Спасибо, уважаемая Балаим Туганбаевна.

Депутатский запрос адресован заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан – Министру торговли и интеграции Жумангарину.

«Данный депутатский запрос касается деятельности частных коррекционных центров, которые принимают детей с аутизмом и другими задержками в развитии.

Не секрет, что в последние годы стремительно растет количество детей с особыми потребностями и инвалидностью. Особенно заметен резкий рост числа детей с аутизмом, задержками речи и поведенческими нарушениями. Принимаемые государством меры пока не дают должных результатов из-за отсутствия межведомственного взаимодействия и алгоритма помощи таким детям с ментальными нарушениями.

Поскольку государственных центров по коррекции детей с аутизмом (с нужными методиками) нет, эту потребность частично закрывают частные центры. Среди них, к сожалению, встречаются и недобросовестные поставщики услуг.

Вместе с тем мы, как депутаты фракции Народной партии Казахстана, выражаем обеспокоенность участвовавшими фактами жестокого обращения с детьми, имеющими задержки в развитии, как правило, большинство таких детей не говорящие и невербальные. Имеются подтверждения многочисленных фактов, публикуемых в социальных сетях. Более того, на сегодняшний день нет четких механизмов мониторинга этой сферы.

В этой связи возникает необходимость в регламентации и аккредитации частных центров и специалистов.

Общественные организации и родительское сообщество также обращаются к нам с просьбой о наведении порядка в данной сфере. К примеру, существуют добросовестные центры, в которых применяются доказанные методики, проводится обучение специалистов за свой счет, соблюдаются все санитарные нормы и правила содержания детей, имеется видеонаблюдение, заключаются договоры с родителями. Есть также и другие факты, поступающие от родителей особенных детей, когда в частных центрах работают люди с непогашенной судимостью, отсутствуют видеокамеры, нет договоров, фиксируются случаи получения детьми различных травм в результате жестокого обращения с ними.

В этой связи считаем, что необходимо принимать серьезные меры, так как эта проблема системная и такие случаи, возможно, будут повторяться.

2 декабря 2022 года состоялось подписание трехстороннего меморандума о сотрудничестве между Астанинским городским филиалом Народной партии Казахстана, Национальной ассоциацией «AUTISM KAZAKHSTAN» и учреждением «Казахстанское объединение специалистов прикладного анализа поведения».

В меморандуме были отражены инициативы о необходимости создания в Казахстане соответствующего реестра по трем направлениям с учетом мировых методик с доказанной эффективностью:

- реестр специалистов;
- реестр частных коррекционных центров;
- реестр методик коррекции детей.

Это позволит родителям и специалистам различать шарлатанов, псевдоспециалистов и недобросовестные центры, обращаться к квалифицированным специалистам с нужными компетенциями и образованием.

Также данный реестр позволит в дальнейшем государственным органам размещать госзаказ в эти аккредитованные частные центры для большего охвата детей и уменьшения очередности на реабилитацию и коррекцию, что, в свою очередь, будет способствовать снижению социального напряжения в обществе.

В данном вопросе затрагивается компетенция нескольких министерств – Министерства просвещения, Министерства национальной экономики, Министерства труда и социальной защиты населения.

